



ҚАРУЛЫ КҮШТЕРГЕ ТАЛАП КҮШЕЙЕДІ

Қазақстан Президенті – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс министрлігінің басшылық құрамымен кеңес өткізді. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мұрат Бектановты Қорғаныс министрі лауазымынан босатып, бұл қызметке Руслан Жаксылықовты тағайындау туралы Жарлыққа қол қойғанын хабарлады.

Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа министрдің кадрлық әскери қызметкер екенін атап өтті.

– Оның тәжірибесі мол. Ішкі әскерде 30 жылдан астам қызмет етті. Ол қатардағы жауынгерден бастап, әртүрлі басшылық қызметтерді атқарды. Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысына дейінгі әскери жолдан өтті, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қарулы Күштерге деген талаптың күшейе түскеніне тоқталды.

– Армия тәуелсіздігіміздің тірегі болып, мемлекет мүдделерін қорғауы тиіс. Қаңтар оқиғасы кезінде Қарулы Күштер өзіне сенімсіз әрі қабілетсіз басшылығының кесірінен жүктелген міндеттерді тиісті деңгейде атқара алмады. Министр Бектанов командирлік қабілетін көрсете алмады. Командалық-штабтық және әскери жаттығулар кезінде он нәтиже көрсеткен армиямыз бола тұра, сын сағатта оның әлеуетін пайдалана алмады. Сырттан көмек шақыруға мәжбүр болдық, – деді Жоғарғы Бас қолбасшы.

Президент геосаяси жағдайды және аймақтық деңгейдегі өзекті сын-қатерлерді ескере отырып, Қазақстан Қарулы Күштерінің әскери дайындығын түбегейлі арттыруды талап етті.

Жоғарғы Бас қолбасшының пікірінше, ең алдымен ел басшылығын сыртқы және ішкі қауіп-қатерлер туралы уақытылы әрі нақты ақпараттармен қамтамасыз етуге тиісті әскери барлау қызметін күшейту керек.

Қасым-Жомарт Тоқаев қару-жарақ сақтайтын нысандарда төтенше жағдайлардың қайталануына жол бермеу қажеттігін еске салды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қазақстан армиясының техникалық және жауынгерлік жабдықтарын жанарту міндетін жүктеді.

– Әскердегі қару-жарақтың дені – 30-50 жыл болған Кеңес дәуіріндегі техника. Ескірген техникалардың мерзімінің өткеніне байланысты қару-жарақ паркін жанарту үшін шұғыл шаралар қабылдау қажет. Қарулы Күштер заманауи әрі жоғары технологиялық қару-жарақпен, әскери техникамен жабдықталуы тиіс. Қабылданатын шаралар жүйелі болуы керек. Қару-жарақ пен әскери техниканы жөндейтін, оларға қызмет көрсететін отандық өндірісті дамыту қажет, – деді Жоғарғы Бас қолбасшы.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖАЙЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен телефон арқылы сөйлесті. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Әңгімелесу барысында Қазақстан мен Өзбекстанның стратегиялық серіктестігін одан әрі дамыту мәселелері жөнінде пікір алмасты. Президенттер келіссөздер процесін екі ел үкіметтерінің басшылығы деңгейінде жандандыруға уағдаласты.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев саяси, сауда-экономикалық, инвестициялық, көлік-транзиттік, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың негізгі аспектілерін талқылады. Өңірдегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ерекше назар аударылды.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев реформалар жасау үшін заң мен тәртіп маңызды екенін атап өтті. Президент бұл ойларын Twitter-де жазды.

«Қазақстан халықаралық міндеттемелеріне және адам құқықтары мен заң үстемдігі саласындағы әмбебап қағидағарға бейілдігін сақтайды. Біз саяси жаңғыруға негізделген бағытымызды ешқашан өзгертеміз».

Хаос жағдайында даму, тұрақтылықты сақтау және реформалар жасау мүмкін емес. Заң мен тәртіп – тұрақтылығымыздың негізі», – деп жазды Президент.

Естеріңізге сала кетейік, Мемлекет басшысы 19 қаңтар күні Twitter-де Қазақстан экономикасының тұрақты екенін, Жаңа Қазақстанның мақсаты – азаматтардың әл-ауқатын арттыру, табыс алшақтығын жою, жұмыс орындарын ашу және инфляцияны тежеу екенін атап өткен еді. Сонымен қатар ұлттық экономиканың ашықтығына, келісімшарттарға қол сұғылмайтынына, зияткерлік меншік құқығы сақталатынына және жемқорлықпен аяусыз күрес жалғаса беретініне кепілдік берілетінін жазған болатын.

КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Төлеубек Аралбайдың туыстарына көңіл айту жеделхатын жолдады. Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook-та жазды.

«Қасым-Жомарт Тоқаев театр және кино актері, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Төлеубек Мұхамеджанұлы Аралбайдың дүниеден өтуіне байланысты оның жақындары мен туыстарына көңіл айтты», – деп жазды Б.Уәли.

– Төлеубек Мұхамеджанұлы қазақ өнерінің қара шаңырағы М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында ұзақ жылдар қажырлы еңбек етті. Отан-

дық кино мен телесериалдардың сәнін кіргізіп, актерлік шеберлігімен көрермендер көзайымына айналды. Ұстаз ретінде көптеген таланттардың жолын ашты. Театр және кино өнерін өркендетуге мол үлес қосқан Төлеубек Мұхамеджанұлының жарқын бейнесі ұмытылмайды. Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын, – делінген жеделхатта.

ТЕХНИКАЛЫҚ БАЙҚАУДЫҢ «БАЗАРЫ» ТАРҚАЙ МА?



Көлікті техникалық байқаудан өткізу – әуелі жүргізушінің өз қауіпсіздігі үшін керек дүние. Оның үстіне, көліктің қауіпсіз қозғалысын реттейтін заң нормаларына сай темір тұлпар межелі мерзімде тексеруден өтуі қажет. Алайда ебін тапқандар дәл осы рәсімнен кедергісіз өтіп, айналасын асырып жүр. Сондықтан да саладағы осы секілді бармақ басты, көз қысты әрекеттің куәсі болған көпшіліктің көкейінде «Көлікті міндетті техникалық байқаудан өткізу керек пе?» деген сауалдың туындауы да заңды.

4 >>

«ЖАСЫЛ ДАМУ» ЖАРЫЛҚАСА ИГІ

Автоәуесқойлардың алты жыл бойғы арманы, әділетті талап-тілегі орындалғандай: шетелдік әр көлікке кенедей жабысып, миллиондап алым жиған жекеменшік компания – «ӨКМ операторы» ЖШС-ның қиянатты тірлігіне ел Президентінің тапсырмасымен тыйым салынды. Бұл іс мемлекеттік кәсіпорынға табысталды. Аіқу газеті елдегі автопарктің жоғары қарқынмен көнеруіне соқтырған көлеңкелі схеманы ұдайы сынап келді. Енді утилизациялық алым жүйесі қалай дамымақ? Соған да тоқталсақ.

ЕЛДІ АШЫНТҚАН АЛЫМНЫҢ ХРОНИКАСЫ
2015 жылғы 30 желтоқсанда Үкіметтің «Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторын айқындау туралы» №1137 қаулысы шықты. Құжат бұл маңызды миссияны тосыннан пайда болған, жұртқа белгісіз «ӨКМ операторы-Оператор РОП» ЖШС-ына жүктелді. Тіпті, Үкімет қаулысының өзі компанияның атын қайталап тұрған еді.

Бастапқыда бұл жаңалықтың мазмұнын түсінбеген жұрт оған мән бермеді. Алайда іле-шала елдің жаны шырқырады: жаңа жекеменшік компания алапат көлемде алым енгізіп, бұған дейін Монғолия, Жапония,

Америка, Германия, БАӘ, Оңтүстік Корея секілді алыс шетелден еркін ағылған арзан автокөліктердің тасқынына тосқауыл қойды. Осының алдында, 2014 жылғы мамырда үш ел Еуразиялық одақты құрған-тын, оған кейін Қырғыз елі мен Армения қосылды. Алысқа құлаш ұру мүмкіндігінен айырылған қазақстандықтар амалсыз осы елдер арқылы айналмалы жолдармен арзан автомобиль тасуға кірісті. Республикада «армян», «ресейлік», «қырғыз», «абхаз» көліктерінің проблемасы туындап, жыл өткен сайын ұшыға берді.

(Жалғасы 4-бетте)



ЖАҢА ҚОҒАМНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



Ел тарихында болған ең үлкен трагедия елді есеңгіреткені рас. Арада біраз уақыт өтті. Осы мерзім аралығында жағдай тұрақталды, ҰҚШҰ әскерлері шығарылды. Өртке оранған ғимараттар есепке алынып, содырлар, бүлікшілер қолға түсіп жатыр. Бұдан бөлек, Президент жаңа өзгерістер пакетін жариялады, Үкіметтің құрамы жаңарды.

227 адамның қаны төгілген қайғылы оқиғадан соң қоғам түбегейлі өзгерістерді күтіп отыр. Ескі ережеге, көне түсініктерге, құндылықтарға оралғысы жоқ. Енді азаматтардың осы үлкен үмітін қалай ақтауға болады? «Жаңа Қазақстан» қандай принциптер негізінде құрылады? Жауап іздеп көрейік.

(Жалғасы 2-бетте)

«ОМИКРОН» ШТАМЫ: САҚТАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ӨЗГЕРГЕН ЖОҚ

Елімізде коронавирус жұқтыру дерегі бойынша жаңа антирекорд тіркелді. Соңғы тәулікте 15 мыңнан аса адам жұқпалы індетке шалдыққан. Коронавирустың жұғуы 14 күннің ішінде білінсе, «омикрон» штаммының жұққаны небәрі екі күннің ішінде белгілі болады. Демек, басқа штамдарға қарағанда тез жұғады. Аурудың алғашқы белгілері тұмау мен жедел респираторлық аурулардағы сияқты суық тигендей көрінеді. Яғни, дене қызуы көтеріліп, әлсіздік, бас ауруы, жөтел болады. Бірақ жеңіл өтеді екен деп өз бетінше емделуге болмайды. Ауру белгілері байқалған сәтте ең бірінші не істеу керек? Өршіген індеттен сақтану жолы қандай? Білікті мамандардың кеңесін ұсынамыз.



3 >>



«Қаңтар трагедиясының» себебі мен салдарына үңілді

Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Сенат отырысында депутаттар бірқатар заңды қарап, палата комитеттері құрамына өзгеріс енгізді. Жиында сенаторлар қаңтардың басында елімізді шарпыған құрбандыққа байланысты көзқарасын білдірді.

Депутаттар алдымен Бейбіт Исабаевты Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы етіп сайлады. Ал бұған дейін осы комитеттің төрағасы болған Мұрат Бактиярұлы Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі болып сайланды. Мәулен Әшімбаев Мұрат Бактиярұлына комитет төрағасы ретінде атқарған еңбегі, заңнамалық жұмысқа және азаматтарды алаңдатқан өзекті мәселелерді шешуге қосқан үлесі үшін алғыс білдірді.

Палата отырысында депутаттар «Заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің стандартты үлгілерін жасау және қолдану жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарап, қабылдады. Палата Төрағасы М.Әшімбаевтың айтуынша, бұл заңның экономикаға берері мол болмақ екен.

«Алдағы уақытта бұл құжат бизнестегі өкімшілік жүктемелерді қысқартуға қызмет етеді. Сондай-ақ келісімге қатысушы – ТМД елдері арасында экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық үшін кедергілерді азайтады деп сенеміз», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар отырыс кезінде сенаторлар өздерінің депутаттық сауалдарын жолдап, «қаңтар трагедиясының» себептері мен салдарын талдау және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев берген тапсырмалардың іске асырылуын бақылау аса маңызды екенін айтты.

Сенатор Ләззат Сүлеймен бейбіт адамдар әділетсіздіктің құрбаны болмас үшін «қасіретті қаңтар» оқиғасы кезіндегі барлық дерек мұқият зерттеліп, тексерілуі керек екенін айтты. Сондай-ақ ол құқық қорғау органдарына жеткізілген және ұсталған адамдардың қорғауға және білікті заңгерлік көмек алуға қатысты конституциялық құқығын қамтамасыз ету маңызды екенін тілге тиек етті.

Өз кезегінде Айгүл Қапбарова кайғылы оқиға еңбек саласында сапалы өзгеріс қажет екенін көрсетіп бергенін айтып, қазіргі жұмыспен қамту және жастарды жұмысқа орналастыру бағдарламаларын қайта қарау қажеттігіне назар аударды.

Ақылбек Күршібаев Премьер-Министрге сауал жолдап, ауыл тұрғындарын алаңдатқан проблемаларды сөз етті. Оның ішінде ең маңыздысы жұмыссыздық екенін атап өткен сенатор палата депутаттары бұл мәселені тұрақты түрде көтеріп жүргенімен, оларды шешу үшін Үкімет тарапынан тиісті шаралар қолға алынбай отырғанын айтты.

Мұхтар Жұмағазиев әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, ауыл шаруашылығы техникаларына қатысты утильдік алым мөлшерлемесін азайту маңызды екенін айтты. Қазіргі жағдайда ауыл шаруашылығы техникасы 80 пайызға дейін тозғанда, утильдік алымның қолданыстағы нормалары отандық фермерлерге және жалпы ауыл шаруашылығына елеулі залал келтіреді. Мұның салдары азық-түлік бағасының өсуіне әкеледі.

Нұржан Нұрсипатов қызметтік борышын орындау кезінде қаза тапқан немесе мертіккен жағдайда құқықтық тәртіп қызметкерлерін әлеуметтік қамтамасыз ету және олардың отбасыларын қолдау шараларын жүйелеудің маңыздылығын атап өтті.

А.СҰЛТАН

Партиялар мен сайлау туралы заң жобаларын мақұлдады

Мәжіліс депутаттары Палата Спикері Нұрлан Нығматуллиннің төрағалығымен өткен жалпы отырысты бірнеше заң жобасын мақұлдады. Олардың арасында сайлауға, саяси партиялар мен Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қатысты заң жобалары бар.



Депутаттар алдымен Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы заң жобасын мақұлдады. Алайда бұл хаттама тұтас одақ жұмысына қатысты емес, ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыру бөлігі жайлы еді.

Хаттаманың мақсаты – электр энергиясын өндірушілер мен тұтынушылардың, сондай-ақ Одақ ОЭЭН-інің басқа да субъектілерінің экономикалық мүдделерінің теңгерімін сақтай отырып, Арменияның, Беларусьтің, Қазақстанның, Қырғыз Республикасының және Ресейдің ұлттық электр энергиясы нарықтарын интеграциялау арқылы Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын (бұдан әрі – Одақ ОЭЭН-і) құру.

Палата Төрағасы Нұрлан Нығматулин заң жобасын талқылау кезінде Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай энергетикалық жүйесін құру кезінде Қазақстанның мүддесі ескерілуі керек екенін айтты. Мәжіліс Төрағасы заң жобасын әзірлеуші Энергетика министрлігінің назарын ортақ нарыққа қатысушылардың өзара қарым-қатынасына қатысты ережелерді құрудың маңыздылығына аударды. Спикер:

– Бірыңғай энергия жүйесін құру ол, әрине керек нәрсе. Оған ешқандай күмән жоқ. Ол бізге қажетті артыру үшін керек. Сонымен бірге осы секторды дамытуға жол ашады. Бірақ бірыңғай энергия жүйесін құрғанда, ең бастысы өз еліміздің энергетикалық тәуелсіздігін сақтап қалуымыз керек. Ол – өте маңызды мәселе, – деді.

Бұл ретте Нұрлан Нығматулин еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері

жеке энергетикалық қуаттарды дамытуды талап ететінін атап өтті. Осыған байланысты энергия көздеріне толық техникалық аудит жүргізіп, елімізде 40-50 жыл және одан да көп жұмыс істеп тұрған негізгі өндірісу қуаттарды жаңғырту бойынша нақты іс-шаралар жоспарын әзірлеу қажеттігіне тоқталды.

Сонымен қатар жалпы отырыста депутаттар «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын мақұлдады.

Заң жобасы Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру үшін әзірленді.

Заң жобасын қабылдаудың мақсаты – биліктің өкілді тармағында әйелдердің және жастардың, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдардың да қатысуын қамтамасыз ету және пікір ескеру, оларды мемлекеттің тыныс-тіршілігінде белсенді жұмысқа тарту.

Сондай-ақ жалпы отырыста «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы» заң жобасы мақұлданды.

Заң жобасын қысқартуға санаттарды оған мүгедектігі бар адамдарды енгізе отырып кеңейтуді көздейді. Әйелдерді, жастарды және мүгедектігі бар адамдарды елдегі саяси мәселелерге белсенді тарту заң шығару процесінде қоғамдағы проблемалық мәселелердің шешу жолдарын ескеруге мүмкіндік береді.

А.СҰЛТАН

Жаңа қоғамның құрылымы



(Басы 1-бетте)

Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Кешеге дейін ТМД аумағында біздей тұрақты, бейбіт ел жоқ деп кеудемізді соғып келдік. Инвесторлар алдында да тұрақтылығымыз ауыз толтырып айтатын басты жетістігіміз сияқты көрінді. Көршілерде болған азаматтық соғыс, қарулы қақтығыс, шекарадағы жанжал, аннексия, мемлекеттік төңкерістерді көріп, тыныш болғанымызға шүкір деп келдік. Осы халықтың шүкіршілігі саяси жүйемізді бейқам еткен жоқ па? Үкіметті «не істесек те, недесек те, жұрт қабылдайды, қолдайды» деген иллюзияға итермелеген жоқ па? Іштен шыққан жау жаман. Іште туған бүлік 227 адамның өмірін жалпап, «қаңтар қырғынына» алып келді. Қысқасы, жауабы табылмаған мұндай сауалдар әлі көкейімізде жүр.

Мемлекет басшысы ел дамуында жаңа кезең басталғанын айтып, жаңа Қазақстанды бірге құруды ұсынды. Әрине, болған қайғылы оқиғалардан кейін қоғам тың өзгерістерді, түбегейлі бетбұрысты күтіп отырғаны рас. Өзгеріс экономика, армия, мемлекеттік қызмет, саяси жүйе, басқа да салаларды қамтығанын қалайды. 19 млн халықтың тамырын басып, оның атынан сөйлеуге еш құзыретіміз жоқ, бірақ болжап, долбарлап көрейік.

БАЗЫНАМЫЗ БАР

Азаматтар неге радикалды реформаларды күтпеді деген сауалға жауап іздейік. Неге қазіргі тұрмысы ұнамайды? Қоғам дертіне диагноз қоюға тырысып көрейік. Себебі оны айшықтамай, түйткілдерді шешу жолын ұсыну да қиын. Ең алдымен жұртты жегідей жеген жемқорлық екені жасырын емес. Ауылдағы ұстаз бен медбике жұмысқа орналасу үшін пара беруі тиіс, жолда полией тәртіп бұзды деп ұстаса, алаканына азын-аулақ ақша салсаң, айып-

пулдан құтыласың. Әкімдікке қарасты түрлі басқарма, мекемелердің жариялаған тендерлерін 15-20 пайыз үлесін ұйымдастырушыларға берсең ғана жеңімпаз атанасың. Ал ұлттық компаниялардың тендерлері бірнеше миллиард теңгеге жетеді. Оларды ұйымдастырған шенді азаматтар да парадан пәк емес-ау. Бұл қылмыс бәріне мәлім, алайда жалғасып келе жатқанына сан жыл өтті. 2020 жылы Сыбайлас жемқорлықты түйсіну индексі бойынша 180 елдің арасында 94-орында болдық. Яғни, жемқорлыққа белшесінен батқан елдің біріміз. 2021 жылы Қазақстанда 11 айда жемқорлық, пара беру сынды баптар бойынша 1,6 мың қылмыстық іс қозғалған. Бұлар тек ұсталып, тіркелгені.

Екіншіден, баға өсімі талай отбасын титықтатып жіберді. Азық-түлік, дәрі-дәрмек, киім, тұрмыстық техника, көлік, пәтер бағалары жыл сайын өсетін, ай сайын өсетін деңгейге жетті. Ал азаматтардың жалақысы, табысы оған сай емес. Былтыр талай ұжым қызметкерлерінің ереуілге шығып, жалақысын өсіруді талап етуінің бір себебі – осы.

Үшіншіден, бай мен кедей арасының алшақтығы артып барады. Forbes журналы жыл сайын миллиарддер тізімін жариялайды. Өзенбегімен ірі кәсіпкер атанғандар аз емес. Егер кәсіпкер адал жолмен бизнесін ашып, салығын төлеп, ризығын арттырып жатса, нұр үстіне нұр. Дегенмен бірнеше миллион, миллиард доллар жиғандардың арасында саяси элитаға жақын кәсіпкерлердің жүргені көпке құпия емес. Бір ғана мысал, 2020 жылы Атырау облысында қала тұрғындарының табысы ауыл азаматтарынан 9,8 есе көп болған. Ал былтыр елімізде күнкөрсетіс минимумынан төмен табысы бар отбасылардың саны 125 мыңға жетті. Дүниежүзілік банк мұндай азаматтардың саны 2021 жылы 2,6 млн-ға жетеді деп жыл басында болжам жасаған. Ол расталды ма, жоқ па, белгісіз. Яғни,

кедейлік, теңсіздік, жоқшылық, жұмыссыздық жұрттың әл-ауқатын әлсіретті, ашуын туғызды.

Төртіншіден, саяси шектеу бар, қоғаммен кері байланыс тиімсіз. Жоғарыда тізбектелген түйткілдерді айтуға мінбер табылмайды. Кейде оны тыңдайтын құлақ та жоқ. Елімізде саяси партияларды тіркеу талаптары жеңілдетілді. Алайда Әділет министрлігі соңғы 2 жылда ешбір жаңа партияны тіркеген емес. Бұдан бөлек, митинг өткізу тәртібі де өзгерген болатын. Жаңа заң бойынша азаматтар жергілікті әкімдіктен рұқсат сұрамай, тек ескертіп қана ереуіл өткізе алады. Бірақ мазалаған мәселесін алаңда айтып, жиі жиналған жұртты байқамадық. Әкімдік қызметкерлері түрлі сылтау тауып, митингтерге кедергі жасап келеді. Бұрынғы цензура да жоғала қоймады. Ресми түрде сөз бостандығына тыйым салынбаса да, түрлі қонырау шалынатыны рас.

Осы және өзге де түйткілдерді қатардағы азаматтар білмей ме? Әрине, хабардар. Себебі күнделікті бетпе-бет келеді. Өкінішке қарай, соңғы жылдары әлеуметтік желілерде «балаларымның бағы үшін шетелге көштім» деген жазбаларды жиі оқып жүрміз. «Америка арманын» құған біршама сапалы мамандар мұхит асты. Былтыр тек 9 айда 25 мың азаматымыз елден көшіп кетті. Осы көшкен 25 мың адамның 6 700-і жоғары білімді болса (36%), орта кәсіби білімді менгергендері 5 967 кісі (32%). Яғни, көшкендердің тең жартысынан көбі еңбек нарығына қажет азаматтар. Халықаралық көші-қон ұйымы 2019 жылы Қазақстанда миграция тақырыбында кең ауқымды зерттеу жүргізген. Онлайн сауалнамаға шетел асқан эмигранттар қатысқан. Нәтижесі көңілді құлаздытады. Сонымен, эмигранттар Қазақстаннан көшіп кетудің келесідей себептерін атаған: жемқорлық, бюрокра-

тия, шенеуніктердің жауапқа тартылмауы (51,3%), мамандарға қажеттіліктің, перспективаның болмауы (31,3%), мемлекеттің баю дамуы, қоғамның архаизациялануы (27,5%), өзінің және баласының келешегіне сенімнің азаюы (26,3%), жұмыссыздық, жалақының аздығы (23,8%), білім мен медицина сапасының нашарлауы (23,8%), адам құқықтарының жиі бұзылуы (21,3%). Сауалнама нәтижесі Қазақстан қоғамындағы шешілмеген түйткілдердің рейтингін шығарғандай көрінеді.

ШЕШУ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?

Қазір дұрыс әрі тиімді шешімдер шығаратын кезең. Егер Үкімет популистік немесе көршілердің көңіліне жағатын қаламдар жасаса немесе батыл реформа жүргізетін уақытты өткізіп алса, ескі сурлеуге қайта түссе, онда 1 жылдан соң көп нәрсе өзгермейді. Қан текке төгілгендей болады. Себебі Алматы мен басқа қалаларда о баста алаңға жастар өзгеріс сұрап шыққанын неге жасырамыз? Тек жиналған жұрттың екпінін содырлар мен бүлікшілер пайдаланып кетті.

Сонымен, қазір қандай шешімдер қабылданғаны абзал? Бұл сұраққа жауап табу үшін терең экономикалық, әлеуметтік, саяси зерттеулер қажет екені даусыз. Себебі нақты деректерге сүйенбей шешім қабылдау асығыстық болар. Бірақ Үкімет алдындағы бірден-бір миссия инфляцияны ауыздықтау екені анық. Қазақстан – импорттық тауарларға тәуелді ел. Ал әлемде былтыр азық-түлік бағасы 30 пайызға қымбаттаған. Шетелдік қымбат тауар ішкі нарығымызға түскенде баға өсіміне кері ықпал етеді. Осылайша, инфляция арта береді. Осы себепті қаласақ та, қаламасак та, тіпті тиымсіз болса да отандық тауар өндірісін аттыруға тура келеді. Сонда ғана ел экономикасының импорттық тауарларға тәуелділігі кемиді. Бірақ біз әлі күнге экономикамызды өртартапандырмдық. Былтыр 8 айда 37,6 млрд доллардың тауарын экспорттаппыз. Оның 70 пайызға жуығы шикізат. Басты серіктестер – Еуропа мен Қытай. Сондай-ақ Ресей (20%), Қытай (18%), Кореядан көбірек тауар сатып ала бастадық. Яғни, шетелге шикізат сатып, түскен ақшаға жұртқа қажет азық-түлік, көлік, техника, басқа да заттар алатын өте қарапайым экономикалық модельді өзгерте алмай келеміз. Оны өзгертуге тырыстық, 2010 жылы үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту дегін бағдарлама (ФИИР) қабылдап, зауыт-фабриканы мольнаын салғымыз келіп, триллиондарды жұмсадық. Бірақ нәтиже шамалы. Жоғарыда айтқан қарабайыр экономикалық модельді күрделендіріп, шетке тек мұнай мен уран емес, жоғары интелектуалды тауар сатқымыз келсе, онда отандық өндірісті дамыту қажет деген миссияға тағы да айналып келеміз.

Бай мен кедей арасының алшақтығы – нарықтық экономиканың, капитализмнің бөлінбес заңдылығы. Дегенмен бұл алшақтықты кемітуге болады. Егер екі

таптың арасы ажырап кете берсе, қоғамда «байларды тонаңдар» деген ұран тасталып, оның соңы жаппай тәртіпсіздікке ұласуы бек мүмкін. Оны кешегі Алматыдағы бүлік кезінде көрдік. Жасы бар, жасамысы бар, тіпті аяғы ауыр, бала жетектеген әйелдерге дейін қымбат дүкендерге лап қойып, құнды заттарды сүйреп кетті. Енді не істеуге болады? Жалақының ең төменгі шегін жыл сайын көтеруге тура келеді. Есесіне ұлттық компаниялардағы 2-3 млн теңгелік жалақыларды қысқартуға болады. Бұдан бөлек, айлық табысы 5 млн теңгеден жоғары азаматтардың салығын өсіру де тиімді шара болуы мүмкін. Бірақ бұл әдістер көп адамды қамтымайды. Жеке табыс салығы бойынша декларацияны барлық 18-ден асқан азаматтарға міндетті ету теңсіздік мәселесін шешуге ықпалын тигізуі өлден мүмкін. Себебі кімнің қанша табысы бар, оның кіріс көзі қандай деген сауалдарға жауап табамыз. Оған қоса, елдегі жемқорлық деңгейін кемітуге де өзінің өз әсерін тигізеді. Себебі қазіргідей шенеуніктер тұсының атына бизнесін жазу деген практикаға жүгінбейді. Өйткені тысы да табыс декларациясын тапсыруы міндет болады. Әрине, бұл – заңнамалық шаралар. Ал экономикалық қалам ретінде жаңа жұмыс орындарының санын арттыру негізгі міндет болып қала береді. Қоғамның басым бөлігі тұрақты жұмыспен қамтылмай, кедей саны азаймайды.

Қоғамдағы түбегейлі өзгерістерді саяси реформаларсыз жасау мүмкін емес екені белгілі. Егер саяси аренаға жаңа партиялар шықпаса, партиялар мен қоғам қайраткерлері арасында цензурасыз дебаттар жиі ұйымдастырылмаса, ашық сайлау өтпесе, мемлекеттік әкімдікке қызмет етуші органның рөлінен аралмаса, БАҚ цензурасыз жазбаса, кәсіподақтар тәуелсіз ұйымдарға айналмаса, біздің жаңа ашық азаматтық қоғамды құруымыз екіталай. Себебі бұл ғасырлар бойы өзге елдердің тәжірибесінен туған демократиялық алғышарттар. Ал шынайы азаматтық қоғам құрылмай жемқорлықты азайту, саяси жүйені тұрақты ету, жұрттың билікке сенімін арттыру жайлы сөз қозғау қиын. Сондықтан 2019 жылы басталған саяси бастамаларды жалғастыру аса маңызды шарт.

ЕЛ ҮМІТІ АҚТАЛСА...

Дәл қазіргі уақытта қоғамды жаңарту, жаңғырту бағытында ұсыныстар, тын идеялар аз емес. Еліне жаңа ашығандар шамашарқы келгенше айтып, жазып жатыр. Сондықтан қазір мәлім мәселелер мен ұсыныстарды жүйелеу, оның зәрулеріне басымдық беру де маңызды. Себебі жоғарыда жазылған түйткілдерден бөлек қоғам капиталына инвестицияны арттыру, адаммен кері байланыс сапасын жетілдіру, ел арасында ұлттың игі құндылықтарын қалпына келтіру, әр азаматтың құқығымен қатар жауапкершілігін белгілеу, заң үстемдігін қатайту сияқты өзекті мәселелер де кезек күттірмейді. Ең бастысы, қан төгілген оқиғадан соң азаматтардың өзгерістерді күткен үкімі ақталса игі.



КЕЗЕКТЕН ТЫС СЪЕЗД ӨТЕДІ

Келесі аптаның жұмасында «Nur Otan» партиясының кезектен тыс XXI съезі өтеді. Бұл туралы партияның ресми сайтында жарияланды.

«Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің қаулысымен 2022 жылғы 28 қаңтарда партияның кезектен тыс XXI съезін өткізу туралы шешім қабылданды. Коронавирусқа байланысты шектеу шараларын ескере отырып, ол онлайн форматта өтеді», — делінген ақпаратта.

ПАРТИЯ БЕЛСЕНДІЛЕРІ КӨМЕК КӨРСЕТТІ

«Nur Otan» партиясының Алматы қаласы мәслихатындағы депутаттық фракция мүшесі Нұрымбек Тау алматылықтарға 10 миллион теңге көлемінде көмек көрсетті.



Іс-шара барысында Yokohama брендінің, Алатау ауданы әкімдігінің және «Тау Шаңырақ» қайырымдылық қорының қолдауымен аз қамтылған азаматтар мен жалғызбасты зейнеткерлерге 1 000 азық-түлік қорабы сыйға тартылды.

Біз азық-түлік жиынтықтарын дайындап, мұқтаж отбасыларға ең қажетті азық-түлік өнімдерін тасымалдадық. Қазақстандықтарды игі дәстүрді жалғастыруға шақырамыз. Бейбіт тұрғындарды қорғау кезінде жаракат алған және ауруханада емделіп жатқан әскери қызметкерлерге материалдық көмек көрсетуді жоспарлап отырмыз, — дейді Нұрымбек Тау.

Сонымен қатар депутаттар, партия белсенділері мен жақтастары блок-бекеттерде қызмет етіп, қаланы күзеткен

7 мыңға жуық әскери қызметші мен полиция қызметкерлерін ыстық тамақпен қамтамасыз етті.

Естеріңізге сала кетсек, Алматыда төтенше жағдай кезінде «Nur Otan» партиясы қалалық филиалы активінің барлық күштері жұмылдырылды. Бүгінде 16 мыңға жуық мұқтаж азаматтарды қамти отырып, 155,2 миллион теңге көлемінде жан-жақты көмек көрсетілді. Атап айтар болсақ, партия белсенділері Сабыржан Зайнидинов пен Бауыржан Қайыпбаев күнделікті Алматы қаласының Полиция департаментін ыстық тамақпен қамтамасыз етіп отырды. Сондай-ақ қала кәсіпкерлерін қолдау қорына 50 миллион теңге аударды.

Әбілмансұр ЖАСАН

ТҰРҒЫНДАР САУАЛДАРЫНА ЖАУАП БЕРДІ

«Nur Otan» партиясы Түркістан облыстық филиалы қоғамдық қабылдау бөлмесінде Түркістан облысы Стратегия және экономикалық даму басқармасының басшысы Қанат Қайыпбек пен облыстық Қаржы және мемлекеттік активтер басқармасының басшысы Абдрахман Тасыбаев онлайн-офлайн форматта қоғамдық қабылдау өткізді.



Қабылдауды партияның облыстық филиалы төрағасының орынбасары Полат Тұрсынбаев жүргізді. Басқарма басшылары қабылдауға алдын ала жазылған азаматтардың өтініштерін тыңдады. Екі басқарманың да негізгі міндеттеріне сай келмейтіндіктен партияның назарына алынып, әлеуметтік салаға жауапты мекемелерге жолданатын болды.

Тікелей эфир барысында жастардың жұмыссыздық деңгейін төмендету, баспана мен жалқы мәселелері, елді мекендердегі инфрақұрылым, секілді тағы

да басқа сұрақтар қойылды. Басқарма басшылары барлық сауалдарға жауап беріп, өздерінің құзырына жатпайтын мәселелерді атап, жауапты мекемелерге жүгіну керекін түсіндірді. Осы орайда партия филиалы төрағасының орынбасары П.Тұрсынбаев барлық өтініштер мен сауалдар партияның назарына алынатынын айтты.

Дегенмен салаға қатысты сұрақтарға толыққанды жауап берілді. Мәселен, Түлкібас ауданындағы мектеп құрылыстарын күрделі жөндеуден өткізу, жаңа

мәдени нысандар салу жайлы сұраққа облыстық Стратегия және экономикалық даму басқармасының басшысы Қ.Қайыпбек биыл облыста мектеп құрылысы, жаңа мәдени нысандар соғу, инфрақұрылым, жол салу мәселелері бойынша республикалық бюджетке ұсыныстар әзірленіп жатқанын мәлімдеді.

Облыста 2019 жылдан бері «Ауыл — ел бесігі» жобасы іске асырылып, көптеген нысандарға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Биылдың өзінде 8 нысанды қамту жоспарланған. Өңір бойынша жалпы 26 мектепті күрделі жөндеуден өткізуді қарастырамыз. Барлық ұсыныстардың тізбесін қалыптастырып, республикалық бюджеттен қаржы бөлуге ұсыныс енгізу барысындамыз, — деді Қ.Әбдіразақұлы.

Партияның облыстық филиалы әкімдер, мемлекеттік орган басшыларымен тұрғындарды жүздестіріп, көптеген мәселенің түйінін шешуге ықпал етіп келеді. Атап өтерлігі, 2021 жылы қоғамдық қабылдау бөлмесінде 3 095 қабылдау жүргізіліп, 8,7 мыңнан астам азаматтың мәселелері назарға алынды. Оның ішінде жергілікті мемлекеттік органдар, департамент, басқарма басшылары 683 жеке қабылдау жүргізіп, 1 515 азаматтың мәселесі қаралған.

А.ЖАСАНҰЛЫ

ОНЛАЙН ФОРМАТТА ОТЫРЫС ӨТТІ

«Nur Otan» партиясы Павлодар облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Илья Теренченко Ақсу қаласының бастауыш партия ұйымдарымен онлайн форматта отырыс өткізді.

Жиын барысында Илья Теренченко Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Парламент Мәжілісінде халыққа жасаған үндеуі бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, бастауыш партия ұйымдарының маңызын атап өтіп, ел Президентінің маңайында топ-

тасып, бірлесе жұмыс істеуге шақырды.

Өз кезегінде қалалық бастауыш партия ұйымдарының басшылары өздерінде бар шешілмеген мәселелерді қозғады. Айтылған мәселелер облыстық партия филиалының қатаң бақылауына алынды.

Сондай-ақ отырыс барысында «Nur Otan» партиясы Ақсу қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бибігүл Нүркенова партияның 2021 жылы Ақсу қаласы бойынша сайлауалды бағдарламасы аясында Жол картасы индикаторларының орындалуы жөнінде есеп берді.

Біздің бастауыш партия ұйымы партиялық жобаларға, қаланың қоғамдық-саяси өміріне белсене қатысады, партия мен Үкіметтің жүргізіп отырған бағытын қолдайды. Біз төрағалармен әрдайым байланыстамыз, олардың өз бастауыш ұйымдарында беделі бар және ұжымдардағы тұрақтылық үшін жауап береді деп сенімді түрде айта аламын. Біздің бірлескен әрекеттеріміз қиындықтарды бірлесіп жеңуге мүмкіндік береді. Ақсу қалалық филиалының жұмысы осы бағытта жалғасады, — деп атап өтті «Nur Otan» партиясы Ақсу қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бибігүл Нүркенова.

А.ЖАСАНҰЛЫ



«ОМИКРОН» ШТАМЫ: САҚТАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ӨЗГЕРГЕН ЖОҚ

Елімізде коронавирустың жаңа антирекорд тіркелді. Соңғы тәулікте 15 мыңнан аса адам жұқпалы індетке шалдыққан. Коронавирустың жұғуы 14 күннің ішінде білінсе, «омикрон» штаммының жұққаны небәрі екі күннің ішінде белгілі болады. Демек, басқа штамдарға қарағанда тез жұғады. Аурудың алғашқы белгілері тұмау мен жедел респираторлық аурулардағы сияқты суық тигендей көрінеді. Яғни, дене қызуы көтеріліп, әлсіздік, бас ауруы, жөтел болады. Бірақ жеңіл өтеді екен деп өз бетінше емделуге болмайды. Ауру белгілері байқалған сәтте ең бірінші не істеу керек? Өршіген індеттен сақтану жолы қандай? Білікті мамандардың кеңесін ұсынамыз.



Орынбасар НАҒЫМЕТЖАН, дәрігер:

ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРҒА БАРМАҢЫЗ

— Ең бірінші дұрыс тамақтану керек. Күнделікті үш уақыт ауыз бен

мұрынды түзбен шайып, жеке бас гигиенасын сақтаған жөн. Көпшілік орында жұмыс істейтіндер 70 пайыздық антисептикалық жиі қолданып, дезинфекция жасауы қажет. «Омикрон» штаммы тез жұғатындықтан, қолды сабынмен жуу, маска режимін сақтау да аса маңызды. Коронавирус ең алғаш келген кезде адамдардың барлығы үрейге бой беріп, ауыруға өз-өздерін иландырып алған еді. «Омикроннан» қорқудың қажеті жоқ. Мұның симптомдары балаларға ауыр тигенімен, үлкендерде жеңіл өтеді. Бірақ демікпесі, аллергиясы, жүрек аурулары мен жоғары қан қысымы бар адамдарға ауыр соғады. Сондықтан қоғамдық орындар мен жиындарға уақытша бармау керек. Ел арасында тамағы ауырып, жөте-

ліп жатқандар өте көп. Барлығына «тенсеріліндер, дәрігерге қаралындар» деп айтқанымызбен, халық бәрін бірдей орындамайды. Сол себепті азаматтар жаппай ауырып жатыр. Ауа райының жылы болып, қалың қардың жауауы да вирустың таралуына жағдай жасап тұр. Мұндай кезде әркім өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауы қажет. Жылқы, қой, балық сорпасын ішу керек. Газдалған, салқын сусындардан бас тартқан дұрыс.



Мыңжылқы БЕРДІҚОЖАЕВ, медицина магистрі:

АНТИБИОТИК ІШУДІҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ

— «Омикроннан» сақтану жолдары коронавирустың басқа штамдарына ұқсайды. АҚШ пен Ұлыбританияда медициналық маскалар дұрыс қорғамайды деп, респираторларды пайдалануға көшкен. «Омикронның» белгілері тұмауға ұқсас. Бас ауырады, дене



Баян ТҰРДАЛИНА, Астана медицина университетінің доценті:

ВАКЦИНА АЛМАЙ, ИММУНИТЕТ ҚАЛЫПТАСПАЙДЫ

— Коронавирустың қай штаммы болса да, алдын алу мен сақтанудың басты қаруы — вакцина алу. Осы вакцинаны қайта-қайта айта бересіздер деуі мүмкін, бүкіл медицина ұжымы оны қайталаудан еш шаршамайды. Өйткені аурудың алдын алудың жолы — ұжымдық иммунитет қалыптастыру, ол үшін вакцина алу керек. Вакцина алғандардың да ауырып жатқаны рас. Яғни, о баста айтылғандай, вакцина аурудан 100 пайыз қорғай алмайды. Дегенмен вакцина алғандар саны артпай, ұжымдық

иммунитет қалыптаспай, жаңа штамдар тарала береді. Сол үшін де вирустың алдын алудың басты жолы — тек қана екпе алу. Барлық сақтану жолдары бір — оқшаулану мен санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтау арқылы вирустың таралуын тоқтата аламыз. Сондай-ақ «омикрон» штаммының басқалардан көбірек байқалған белгісі — буын, бұлшықет, сүйектердің қаспау ауруы. Яғни, дене қызуы болмауы да мүмкін, бірақ басты

симптомдардың бірі ретінде буын, сүйек, дененің қаспау ауруын, айқын әлсіздікті және құрғақ жөтелді ерекше айтуға болады. Үй жағдайында емделгенде ересек адамдар 1,5-2 литр су ішуі керек. Майсыз, қуырылмаған тамақтар мен сорпаларды тұтынған дұрыс. Ал дене қызуы көтерілсе, симптомдарына қарай препараттар қабылдаған жөн.

Дайындаған Көктем ҚАРҚЫН



«Жасыл даму» жарылқаса игі

(Басы 1-бетте)

Айхан ШӘРІП

Енді, міне жаңа Премьер Ә.Смайылов Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың тапсырмасын орындау үшін 2022 жылғы 18 қаңтарда «Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымдарының кейбір мәселелері туралы» Үкімет қаулысын қабылдады. Құжатқа сәйкес, мемұйым – «Жасыл даму» АҚ өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелерінің операторы болып айқындалды.

Ал «ӨКМ операторы» ЖШС-ның алымды өкімшілендіру және тиісті қаражаттарды басқару қызметі тоқтатылды. Экология министрі Серікқали Брекешевтің мәліметінше, банктердегі есепшоттары мен депозиттерінде «ӨКМ операторының» 220,6 миллиард теңгесі қалған. Үкіметтің жаңа қаулысына сәйкес, компанияның утилизициялық алым қаражаты есебінен жинаған активтері мемлекеттік меншікке айналды.

Ecowaste Solution ЖШС мен компания құрылтайшысы Шынар Мұхтарова Үкіметке «ӨКМ операторы» ЖШС-ның жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 100%-ын республикалық меншікке беру туралы ұсыныспен шықты. Яғни, бүкіл компания дүние-мүлкімен бірге Үкіметке сатылмайды, «сыйға тартылды».

АЛЫМ ЖИНАУ ҚАШАН ҚАЙТА ЖАНДАНАДЫ?

Утилизициялық алым тегігіне ие болған «Жасыл даму» АҚ «ӨКМ операторы» ЖШС-ның жарғылық капиталы жүз пайыз жекеменшіктен мемлекеттік меншікке табыс-талғанын растады.

«Қазір «Жасыл даму» АҚ-ның бірінші кезекті міндеті – ӨКМ мемлекеттік операторының қызметін жоспарлы режимде тезірек жандандыру үшін қажетті ұйымдастырушылық және заңгерлік шараларды қабылдау. Бұл ретте уәкілетті орган оның мөлшерлемелерін қайта қарағанды деіні қолданыстағы утилизициялық төлемдер мөлшерлемесі өз күшінде болады.



Жаңа алым мөлшерлемесін түзу және талқылау таяу уақытқа жоспарланған», – делі «Жасыл даму» мамандары.

Ал осы салаға жауапты меморган – Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі утилизициялық алымның жаңа мөлшерлемесі биылғы ақпан айының соңына қарай бекітілетінін мәлімдеді. Оның дерегіне, коэффициенттерді қайта қарау мақсатында ведомстволық жұмыс тобы құрылды. Аталған мерзімге дейін алым қолданыстағы мөлшерлеме бойынша жаңа операторға – «Жасыл даму» АҚ-ына төленуі керек екен.

Алайда автосалон және автокөлік иелерінің айтуынша, бұл алымды жинау тоқтатылған.

«2022 жылғы 11 қаңтарда Мәжіліс отырысында Қ.Тоқаев Үкіметке «ӨКМ операторының» жұмысын тоқтатуды жүктеді. Президент сөзінен кейін «Оператор РОП» ЖШС алым жинауды күрт тоқтатты. Содан бері осы алым төлемдері қабылданбай жатыр. Ал заң бойынша өндірушілердің, импорттаушылардың утилизициялық алым төлеу міндеті жойылған жоқ. Оны төлемге жеке және заңды тұлғалар өкімшілік жазаға тартылады. Не істейтінімізді білмейміз. Үкімет ашып айтпады, түсіндіру жұмыстарын жүргізбеді. Дұрысы, жаңа оператор

толыққанды жұмысқа кіріскенге дейінгі кезеңге утилизициялық төлемдері үшін өкімшілік жауапкершілікке тарту да тоқтатыла тұратынын жариялауы керек еді», – дейді белгілі автокәсіпорын өкілі Әнуар Жұман.

«Утилизация бізді әбден зәреп қылды. Смайыловтың Үкіметі жаңа мөлшерлемені тек келесі айдың соңына қарай жария ететінін мәлімдеді. Газдың бағасын бір күн ішінде ретке келтіріп еді, алымын мәселені сонша сезбалаңға салудың мәнісі неде? Шетелден автомобиль әкелген адамдар маған қоңырау соғып, хабарлама жазып, көлігін есепке қоя алмай жатқанына шағымданды. Оларға құзырлы органдар: «Наурызға дейін күтіндіз!» депті. Не деген көңіліз шабан тірлік», – дейді блогер, автобрендтермен серіктес кәсіпкер Бейбіт Әлібеков.

Экология министрлігінің түсіндіруінше, қазір мүдделі уәкілетті органдар «ӨКП операторының» активтерін мемлекеттік меншікке алу шараларын қабылдап жатыр. Құзырлы органдар қорытындылар әзірлеп, ұсынуы қажет. Жеке компанияның дүние-мүлкі мен персоналды «Жасыл даму» АҚ-ына өтті. «Жасыл дамуды» жаңа мәртебеде әділет органдарында қайта тіркеуден өткізу және басқа рәсімдер қолға алынды. Осының бәрі уақыт алатын көрінеді.

Дегенмен кәсіпкерлердің, автосалон иелерінің және «темір тұлпарын» тезірек рәсімдегісі келетін қазақстандықтардың қатан сынынан кейін Үкімет қарқынына қарқын қосып, күні-түні жұмыс істеуге көшкені белгілі болды. Осының арқасында дүйсенбіде машиналарды рәсімдеу, алым төлеу ісі қайта жалғасалды деген хабар бар.

ОПЕРАТОРЛАР ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Электронды үкімет порталындағы дерекке сенсек, «ӨКМ операторы-Оператор РОП» ЖШС-ның құрылтайшылары және иелері – Eco Waste Solution ЖШС мен Шынар Мұхтарова болды. Бұл кісінің кім екенін сарапшылар мен журналистер білмейді, себебі ол ақпарат құралдарының алдына шығып, баспасөз мәслихатын өткізбеген, сұхбат бермеген. Әлеуметтік желілерде де тіркелмеген.

Eco Waste Solutions компаниясы да тылсым тұлға – Мұхтарованың атына тіркелген.

Қалай болғанда да, биліктің қолдауымен «ӨКМ операторы» шетелден тасылған ескі ғана емес, суы жаңа автокөліктерден де аяусыз алым жинады. Мысалы, жеңіл көліктердің утилизициялық алымы қозғалтқышының көлеміне қарай 460 мыңнан 3,5 миллион теңгеге дейін жетті. Ауыл шаруашылығы

техникасынан 5,5 миллионнан 14 миллион теңгеге дейін алынды. Бұған қоса, алым көлемі Үкімет бекітетін шекті күнжорік мөлшеріне байланыстырылды, тиісінше жыл сайын өсіп отырады.

Мұның сыртында шетелдік автоөнеркәсіп өнімін сатып алған азамат мөлшері өте ауқымды келендік бажды төлеуі тиіс және ЕАЭО техрегламентінің талабына сәйкес, ресейлік «Глонас» батырмасын орнатуға шығындалады. Салдарынан шетелден әкелінген көлік екі есе қымбаттап шыға келеді. Сөйтіп, Қазақстандағы автосалондардағы ескіріп баралы. Елдегі автосалонның жартысынан астамының «жасы» 20 жылдан жоғары, ескі-құсқы күйге жетті.

Оның үстіне, экономист Марат Қайырленовтың айтуынша, алым енгізілгені Қазақстандағы жеңіл автомобиль саны 2014 жылғы 5 миллионнан қазір 3,6 миллионға дейін күрт азайып кеткен. Яғни, «темір тұлпар» азаматтар үшін қолжетімсіз болды. Ал ұлан-байтақ аумағы бар қазақ елінде машинаның болуы – өмірлік маңызға ие. Бұл да қалықты «ызыл жүрек, долы кол» жағдайға жеткізген түйткіл еді.

Экология министрі С.Брекешевтің мәліметінше, 2016 жылғы қаңтарда енгізілген берілушілік түрінде «ӨКМ операторы» 691,9 млрд теңге (өзге деректер бойынша – 579 млрд) жинапты. 49,1 млрд теңге салық төлеген. Дегенмен сарапшылар «нақты сандар белгісіз» дейді, себебі оператор қоғамға толыққанды есеп бермей келген.

«Егер «ӨКМ операторының» шығыстарына үнілсек, барлық жиналған ақшаның 59,4 млрд теңгесі ғана автомобильдерді кәдеге жаратуға және ауыл шаруашылығы техникасы үшін сертификат беруге бөлінген. Бұл оның жинаған алымның 10%-ына да жетпейді. Ендеше алда утилизициялық 10 еседен көп төмендетілуі тиіс! Егер бұл алым 100 мың теңгеге дейін түсірілсе, елде автомобильдер 1-3,5 миллион теңгеге арзандайды», – дейді Тәуелсіз автобизнес одағының басқарма төрағасы Берік Зайырұлы.

Утилизициялық алымды жаңа мөлшерлеменен жинауға жауапты «Жасыл даму» АҚ-ына келсек, ол – Экология министрлігіне толық бағынатын, ведомстволық ұйым. «Жасыл даму» директорлар кеңе-

сінің төрағасы – Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Ахметжан Пірімқұлов. Ұйым тарихы 1951 жылдан бастау алатын «Қазақ экология және климат ғылыми-зерттеу институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны негізінде 2012 жылы құрылды. Премьер Аскар Мамин 2021 жылғы 15 сәуірде Үкіметтің №241 қаулысына қол қойып, оны жоймақшы болды: «Жасыл даму» АҚ-ын «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына қосты. Бірақ бұл қайта ұйымдастыруды қазір тоқтатуға шешім қабылданды.

«Жасыл даму» АҚ негізгі миссиясы – қоршаған орта сапасын сақтау, қалпына келтіру және жақсарту бойынша жағдай жасау. Компания қалдықтардың барлық түрін басқару және утилизициялау, парник газдарының шығарындарын қысқарту жұмыстарымен айналысады. СО₂ шығару квоталарын сатқысы немесе сатып алғысы келетін алпауыт кәсіпорындар сонымен серіктес болады. Жыл сайынғы парник газдары шығарындылары квотасын бөлудің Ұлттық жоспары жобасын да «Жасыл даму» әзірлейді. Компания еліміздегі негізгі, аса ұлы қалдықтарды жоюға маманданған. Ақмола, Қостанай, Павлодар облыстарына 2020 жылы осындай қалдықтардан арылуға 53,4 млн теңге бөлінді.

2020 жылы ол Қарағанды облысында Кеңес заманы кезінен қалған «Балқаш-9» әскери нысаны («Дарьял-У» радиолокациялық стансасы) аумағын ұлы химикаттардан арылтуға үлес қосты. Бірақ оның арты дауға ұласқаны мәлім: тендер жеңімпазы «ЭкоЛюкс-Ас» ЖШС полихлордифенилі бар конденсаторларды, ұлы қалдыққа толы 3 контейнерді әскери полигоннан әкетіп, Степногордағы уақытша сақтау қоймасына жігітті. Мәселенің қай шешілетіні белгісіз.

Қалай болғанда, «Жасыл дамуды» басты миссиясы мен барлық күш-жігерін енді утилизициялық алым жаққа кілт бұрылатынға ұқсайды. Бір анығы, Қазақстанда жаңа, алып монополист дүниеге келді.

Техникалық байқаудың «базары» тарқай ма?

Көлікті техникалық байқаудан өткізу – әуелі жүргізушінің өз қауіпсіздігі үшін керек дүние. Оның үстіне, көліктің қауіпсіз қозғалысын реттейтін заң нормаларына сай темір тұлпар меншігіне мерзімде тексеруден өтуі қажет. Алайда ебін тапқандар дәл осы рәсімнен кедергісіз өтіп, айласын асырып жүр. Сондықтан да саладағы осы секілді бармақ басты, көз қысты әрекеттің куәсі болған көпшіліктің көкейінде «Көлікті міндетті техникалық байқаудан өткізу керек пе?» деген сауалдың туындауы да заңды.

Шынболат КҮЗЕКБАЙ

«ҚАШЫҚТАН» ТЕКСЕРУ, «КӨЛДЕНЕ» ТАБЫС

Қолданыстағы заң бойынша, зауыттан шыққанына 7 жылдан астам уақыт өткен жеңіл көліктердің жылына 1 рет техникалық байқаудан өтуі міндетті. Егер мұндай машиналар жолаушы тасымалымен айналысуға пайдаланса, 6 ай сайын көлік құралының іске жарамдылығын көз жеткізіп тұру керек болады. Техникалық байқаудан өту құнын көліктің қозғалтқышының көлеміне байланысты 3 мың теңгеден басталып, 6 мың теңгеге дейін жетеді. Өкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 590-бабының 5-тармағына сай міндетті техникалық байқаудан өтпегендерге 5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады. Ал көлікті тексеру туралы талапты орындамаған жүргізуші 1 жыл ішінде тәртіп сақшыларының қолына түскен жағдайда айыппұл көлемі 20 айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғаяды.

Айдың-күннің аманында айыппұл арқалағысы келмейтін жүргізушілер жыл сайын техникалық байқаудан өтуге мәжбүр. Ал бұл тексерістен ақынсыз төлеп,

жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаптаған кез келген техникалық байқау операторларының бірінен өтуге болады. Өкінішке қарай, жүргізушілердің арасында дәл осы қызмет түрін «қашықтан» алудың тәсілін менгеріп алғандар да жеткілікті. Тексерушіге көліктің суретін телефонмен-ақ жіберіп, оның қозғалысқа жарамдылығы туралы құжат алатындар көп.

Алайда әрбір жүргізушіге таныс бұл схема бірер жыл бұрын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің қызметкерлерінің де назарына ілінген. Сол жолы құзырлы орган қызметкерлері автокөліктерді міндетті техникалық байқаудан өткізумен айналысатын 152 операторды тексерді. Тексеру барысында операторлардың 724 құқықбұзушылыққа жол бергені анықталып, оларға 3 миллион 849 мың теңге айыппұл салыныпты. Тіпті, 88 оператор көлікті техникалық байқаудан өткізу құқығынан айырылып қалған-ды. Сонымен бірге әлгінде айтылғандай, жалған диагностикалық карталарды анықтау мақсатында ұйымдастырылған рейттік шара кезінде картаны қолдан жасаудың 84 фактісі белгілі болды. Нәтижесінде, техникалық байқауға жауапты 26 оператордың үстінен өкімшілік хаттама толығымен, 2 қылмыстық іс қозғалған.

Былтыр да көлікті техникалық тексеруден өткізуде жеңілдік астымен, ауырдың үстімен өтуге ниеттілерге қызмет көрсеткен ұйымдасқан қылмыстық топтың қылмысы әшкере болғанын көпшілік ұмыта қойған жоқ. Көлік комитетіндегі лауазымды тұлғалары жетекшілік еткен бұл топ республиканың әр аймағынан 28 жалған фирма ашып, 260 мың диагностикалық карта қолдан жасаған екен. Сол жолы көліктің қауіпсіздігі туралы құжатты қолдан жасаған алаяқтардың табысы 1 миллиард теңгеге жуықтағаны да айтылды.

Әрине, бұл келтірген статистика көлікті техникалық байқаудан



өткізу саласындағы мәселелердің бір ғана бөлшегі болуы мүмкін. Өйткені диагностикалық картаға оңай әрі тез қол жеткізгісі келетін жүргізушілер де, олардың тапсырысын орындаушылар да жұмысқы орын жасырып жүзеге асырып кете барады. Салдарынан көліктің жүргізушіге, жолаушыға және өзгелерге қауіпсіз болуын қамтамасыз ететін жүйеге сенім жоғалды. Жүргізушілерді де қауіпсіздіктен бұрын құжаттың дұрыс болуы көбірек ойландыратын тәртізді.

Көптің көкейінде жүрген осы бір өзекті мәселені Мәжіліс депутаты Айқын Қоңыров көтеріп, көлікті міндетті техникалық байқаудан өткізуді алып тастаудың жолдарын қарастыруға Үкімет назарын аударды. Мәжілістен келтірген дерекке сүйенсек, елімізде жыл сайын 2,7 миллион көлік техникалық байқаудан өткізіледі. Әрбір көлік жүргізушінің әрбір тексерісі үшін ақы төлейтінін ескерсек, саладағы жылдық табыс көлемі 7-13 миллиард теңгеге құрайды екен. Сөйкесінше, сала мамандарына оның ішінде ісіне адалдық танытып, көлік құралын егжей-тегжейлі тексеретін мен әлгінде айтылғандай жалған диагностикалық картаны оңды-солды таратындардың аражігін ажы-

ратуға тура келеді. Мәжіліс депутатының бұл сауалына қатысты Үкімет әлі ұн қатпады. Есесіне техникалық байқаудан өткізу мәселесіне келгенде көпшіліктің пікірі қашырылды.

ҚАМҚОРЛЫҚ ПА, ЖЕМҚОРЛЫҚ ПА?

Мәселен, «Автомобилистердің қоғамдық одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Жан Ботанов мәжілістен Қоңыровтың ұсынысын қос қолдап қолдайтын-дардың қатарында.

– Міндетті техникалық байқаудан бас тарту – дұрыс шешім. Біріншіден, өз өмірі мен автокөлігінің қауіпсіздігі жүргізуші үшін керек. Ал мемлекеттік органдардың жыл сайын міндетті техникалық байқаудан өту туралы талабын халыққа «қамқорлық» танытудан бұрын жемқорлық пен қағазбастылыққа бір табан жақын жүйе деп білемін. Екіншіден, көлікті жыл сайын тексеру талабы өз машинасының жағдайын бес саусағындай білетін жүргізушінің наразылығын күшейте түседі. Сондықтан салаға қатысты ендігі шешімдер шенеуніктерден бұрын қарапайым автокөлік жүргізушілерінің мүддесіне бағытталуы керек, – дейді Жан Қасымұлы.

Әрине, маман айтқандай, әр жүргізуші көлігінің қауіпсіздігі ең әуелі өзі үшін қажет екенін түсіне алса, техникалық байқау саласындағы мәселелер мұншалық күрделенбес еді. Керісінше, жүргізушілерді құжаттарының тексеруші органдардың талабына сай келуі ойлантатын болса, диагностикалық картаны «ақсыз» төлеп сатып алу қажеттігі туындайды.

СЕНІМГЕ

КОЛ САЛҒАН АЛАЯҚТАР

Көлікті техникалық байқаудан өткізумен айналысатын «ЛПро-гресс ЛТД 2004» ЖШС директоры Жарқын Тәнірбергеннің айтуынша, тексерудің заңға сай жүргізілуін қамтамасыз ететін шаралардың легін қабылдаған жөн.

Қазақстанның көлік құралдарын міндетті техникалық байқаудан өткізуден түйегейлі бас тартуы мүмкін емес. Өйткені бұл жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігі бойынша Женева келісіміне қайшы келеді. Бізде бұл рәсімнен толықтай бас тартудан бұрын оны өткізудің заңдылығын қамтамасыз етуге баса мән берген жөн. Жыл сайынғы міндетті тексерістен бас тарту жол-көлік оқиғаларының жиілеуіне әкеп соғуы мүмкін. Техникалық байқау кезінде көлік құралының техникалық жағдайымен бірге одан шығатын түтінің қоршаған ортаға тигізер әсері де сараланатынын ұмытпау керек.

Рас, салада көлікті боксқа қойып көрмей, телефондағы суретіне қарап-ақ диагностикалық карта беретін операторлар бар. Бұл әдісті көбіне техникалық байқаудан өткізуге арналған ғимараты, құрал-жабдығы, тіпті арнайы мамандары жоқтар қолданады. Егер салаға өзгеріс әкелуі керек болса, құр ноутбукпен отырып, көліктің суретіне қарап жалған құжат берумен айналысатын алаяқтармен күресті күшейтудің тегінін қарастырудан бастау дұрыс болады. Олар салаға, топ-тәуір жүйеге деген сенімді жоғалтып жіберді, – дейді Жарқын Ерғазыұлы.

Сарапшылардың енді бір тобы саланы жемқорлар мен құлқынның қамын ойлайтындардың жайлауына техникалық байқауды жеке кәсіпкерлердің қолына беру себеп болғанын айтады.

– Өз басым көліктерді техникалық байқаудан өткізу талабын алып тастауға қарсымын. Себебі дәл осы талап арқылы көлік жүргізуші де, жолаушы да көшедегі өзге көліктерді техникалық талаптарға сай келетініне сенімді болады. Одан соң техникалық байқау құжаты жоқ көлік апатқа түскен жағдайда сақтандыру компаниялары «көлікте ақау болған» деген сылтаумен кепіл құнын төлеуден қашуы мүмкін. Ал жүргізушінің қолында техникалық байқаудан өткенін растайтын құжат болса, мұндай мәселе туындамайды, – дейді сарапшы Өмірбек Құрбанбаев.

Бұл мәселені шешуде сарапшы екі сатылы техникалық байқау жүйесін ұсынады.

– Осы ортада мен кәсіпкердің техникалық байқауды жүргізгенін, ал мемлекеттік қызмет сол байқауды жүргізгенін тексеріп, растау жүйесін енгізуді қолдаймын. Содан соң техникалық байқау орталығында көліктің фотоға түсіріп, оны қағазға шығарудың қажеті жоқ. Оның орнына тексерістің барысын видеоға түсіру дұрыс деп ойлаймын. Осылайша, электронды қорытындыны барлық полиция қызметкерінің планшеттері арқылы, электронды үкімет порталынан көре алады. Ең бастысы, техникалық байқаудан өту процесін бейнетаспаға түсіру жоғарыда аталған деректердің жолын тияды, – дейді Өмірбек Құрбанбаев.

Әзірге Қазақстандағы техникалық байқау рәсімінің ендігі тағдырына қатысты ресми мәлімет жоқ. Үкімет жалғыз депутаттық сауалға бола көлікті міндетті техникалық байқаудан өткізуден бас тарту қоймасы анық. Солай күннің өзінде саладағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне түйегейлі зерттеу жүргізу қажет-ақ.

АЗЫҚТЫҢ «АСАУ» БАҒАСЫ

Азық-түлік бағасын бақылауда ұстауға міндет алған бірнеше құзырлы орын бар. Бірақ қос бүйірден қысқан қымбатшылықтың соңы жұрттың жаппай наразылық шеруіне шығуына түрткі болуы бағаның бақылауға алынбағанын көрсетіп берді. Төтенше жағдайдан кейін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасын мемлекеттік реттеу енгізіліп, тұрғындар осындай хабарласа алатын жедел желі құрылған. Алайда бағаның негізсіз өсірілуі туралы желіге хабарласпақ болғандар көрсетілген телефон нөмірі көтермейтін айтып шағымданады.

Жадыра МҮСІЛІМ

АЛМАТЫДА БАҒА АСПАНДАП БАРАДЫ

Республиканың маңызды қалаларында тұрғындар азық-түлік бағасының күн сайын құбылып жатқанын айтып, әлеуметтік желіде пікір қалдырып жатыр. Біз де Алматының бірнеше тұрғынымен тілдесіп, азық-түлік бағасы қанша тенгеге көтерілгенін білдік. Алматылық Айжан Тілеулесова күнделікті тұтынатын тауарларды үйдің маңындағы дүкеннен сатып алады екен. «Кішкентай дүкендерде әдетте ірі сауда желілерімен салыстырғанда қымбат болды. Төтенше жағдайдан кейін бірнеше есе қымбаттап кетті. Себебін сұрасақ, жұмыртқа мен сүт тапшылығы барлық жерде болғандықтан, бағаны өсірген. Ал енді көкөністердің барлығы жеткілікті. Бірақ олардың бағасы күнде құбылады. Мысалы, бұрын картоптың келісін 170 тенгеден, ал қазір 280 тенгеден сатылады. Ет те қымбаттады. Сиыр етін 1 700 тенгеден алатын едік, қазір 2 300–2 500 тенгеден, қой етін 1 800-ге алсақ, қазір 2 500–2 600, жылқы еті 2 000 тенге болса, қазір 3 000 тенгеден жоғары. Одан аз баға ет алу мүмкін емес. Бір келі қаба алу үшін 4 мыңнан аса ақша керек», — дейді Айжан Тілеулесова. Алматының тағы бір тұрғыны Меруерт Айтқұлованың айтуынша, жаңа жылға дейін 1 500 тенгеге алып келген май бағасы 1 600 тенгеге жеткен. 100 тенгеге сатылған «Пампушка» маргарині енді 120 тенгеден асады. Сүт өнімдері де барған сайын бақылаудан шығып



Қуаныш САМАРҚАЙ (қолында)

бара жатқанын айтқан ол: «Мысалы, ірімшіктің келісі 3 050 тенге болса, қазір 3 700 тенге. Күнде алатын 3.2 пайыздық 330 тенге болған сүт 410 тенгеге дейін көтерілген. Литрі 990 тенге болып келген құнбағыс майы 1 300 дегенде таңғалдым», — деп отыр.

БАҒАНЫ БАҚЫЛАУ КІМГЕ ЖҮКТЕЛГЕН?

Бағаны негізсіз өсіріп жатқан кәсіпкерлердің үстіне шағым айтқысы келгендер қайда шағымданырн білмейді. Қарапайым халықтың қайда хабарласарын білмей дал болғандарын біз де түсінгендей болдық. Бағаны бақылау бойынша жұмыстың нәтижесі туралы білу үшін бірнеше мекемеге қоңырау шалуға тура келді. Әкімдік бұл міндет Сауда және интеграция министрлігінде екенін айтса, министрлік Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне сілтеді. Қысқасы, үш мекемеден келген жауаптан түйенгіміз мынау болды.

Қазір агенттік бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы бұзуға байланысты бірқатар шара қабылдаған. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары нарығында бағаны ұстап тұру және 10%-ға дейін сауда үстемесін белгілеу бөлігінде өндірісшілермен, көтерме жеткізушілермен және сауда желілерімен монополияға қарсы комплаенстің 189 актісі жасалыпты. 5 қаңтардан бастап күн сайын өңірлерде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының барлық позициялары бойынша бағаларға мониторинг

жүргізіледі. Бүгінге дейін тауық жұмыртқасын өндірушілерге қатысты 6 (Қарағанды облысы — 2, Түркістан облысы, Павлодар, СКО, Ақмола), ал қант бойынша 1 тергеу (Жамбыл облысы), тауық еті бойынша 1 тергеу (Жамбыл облысы) жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ агенттік тұтыну тауарлары мен қызметтерінің бағасын көтеру фактілерін жедел анықтау және жолын кесу мақсатында хабарламалар қабылдау үшін жедел желі құрылғанын алға тартады.

«Бүгінде агенттіктің сенім телефонына 2 000-нан астам өтініш келіп түсті, оның ішінде қоныраудың 50%-ы Алматы қаласының тұрғындарынан, 30%-ы елордамыздан, 20%-ы басқа өңір тұрғындарынан келіп түсті. Көп жағдайда тауарлардың бағасын бөлшек сауда субъектілері көтерген. Атап айтқанда, үйдің жанындағы дүкендер, осындай шағын дүкендер 15%-дық сауда үстемесін сақтамайды. Агенттік келіп түскен шағымдар бойынша өз құзыретін шеңберінде шаралар қабылдайды. Үйдің жанындағы бөлшек сауда дүкендеріндегі бағаның өсуі жөніндегі шағымдар жергілікті атқарушы органдарға жолданады. Басқа шағымдар құзыреті бойынша уәкілетті органдарға жолданады», — дейді агенттіктің баспасөз қызметі.

Бағаны бақылауда ұстауына тағы бір жауапты мекеме — Сауда және интеграция министрлігі шекті бағаларды әрбір өңір үшін жергілікті атқарушы органдарға жеке белгілейді және олар елдің басқа өңірлерінде қолданылмай-

тынын жеткізді. Олар да өз тарапынан инфляция деңгейін тежеу және мемлекеттік реттеу шараларын күшейту жөніндегі тапсырмаларын іске асыру үшін бірқатар шара әзірлепті. Біріншіден, азық-түлік тауарларының негізгі түрлерінің физикалық және бағалық қолжетімділігін қамтамасыз ету шаралары. Осы бағытта Ауыл шаруашылығы министрлігі ішкі нарықты отандық өндіріс тауарларымен толықтыру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізіп жатыр. Қазір негізгі азық-түлік түрлерінің 5 айлық қоры қамтамасыз етілген. Бұл нарықтағы тапшылықты болдырмауға кепілдік береді екен. Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірге өндіріс-тұтыну балансын айқындайды және қажет болған жағдайда экспорттық шектеуді енгізеді. Екіншіден, сауда үстемелері мен сыйақыларға мемлекеттік бақылауды күшейту. Бұл шекті бағаларды уақытылы енгізу арқылы бағаның өсуіне жол бермеуге бағытталған. Үшіншіден, бағаның жоғары өсу тәуекелі туындаған жағдайда, монополияға қарсы органның құзыреті шегінде нақты тауар нарықтарында мемлекеттік бағалық реттеуді енгізу. Сондай-ақ министрлік мамандары әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті мәнгер мен шекті рұқсат етілген бағаларды енгізу әдістемесін бекітілгенін айтады. Ал әкімдіктер тарапынан сауда үстемесінің сақталуына және сауда желілерінің сыйақы алмауына күшейтілген мониторинг пен бақылау жүргізіледі.

Үстеме бағаны көтеретін сауда желілері әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

ӘКІМДІКТІҢ ЖАУАБЫ ҚАНДАЙ?

Нұр-Сұлтан қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының баспасөз хатшысы барлық әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдері бойынша мониторинг жүргізіледі деп отыр. Бүгінге дейін бизнестің 8 субъектісінің қызметінде сауда үстемесінен асып кету белгісі бар. Әкімдік осы бизнес субъектілерін жауапкершілікке тарту бойынша жұмыс жүргізді және «ескерту» түрінде ұйғарымдар шығарды.

Сондай-ақ 4 дүкенге «Элит Ет» дүкені, «Алтай» дүкені, Тілендиев даңғылындағы ет дүкені және «Жастар» СУ-не қатысты бағаны көтеру бойынша әкімшілік шаралар қабылданды. «Бүгінде әкімдік әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдеріне шекті сауда үстемесін сақтау бойынша бақылау және қадағалау жүргізу үшін сауда объектілерінің жартыжылдық тізімдерін қалыптастырды. Бұл шаралар нарықтағы жағдайға жүзеге асырылуына және бағаның өсуін тежеу үшін тиісті шараларды уақытылы қабылдауға мүмкіндік береді. Баға көтерілген жағдайда кәсіпкерлерге ең қатаң шаралар қолданылатын болады. Егер қалада бағаның өсуіне қатысты ақпарат болса (сауда объектісінің мекенжайын, тауардың маркасын мен бағасын көрсете отырып), Нұр-Сұлтан қаласын әкімдігінің 55-68-99, 55-69-78 нөміріне, бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің аймақтық бөлімдеріне хабарласуға болады», — дейді басқарманың баспасөз қызметі.

ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ ЖАУАП БЕРМЕЙДІ

Алматы облысының тұрғындары аймақтағы қымбатшылықты кімге барып айтарын білмей жүр. Көрсетілген жедел желі жауап бермейтін көрінеді. Талғар ауданының тұрғыны Сәния Нүсіпәлі бұл туралы әлеуметтік желіде бірнеше рет жазба қалдырған. Бірақ жауаптылардан жауап жоқ. «Президенттің Жарлығына сәйкес, әрбір өңірдің әкімдіктері баға тұрақтылығын тексеріп отыру керек еді. Бірақ біздің облыс пен аудан әкімдігі бұл бойынша жұмыс істеп жатқанын хабарым жоқ. Өйткені

Көрсiңiз қылмыскер болуы мүмкiн. Себебi iзiн суыту үшiн жалдамалы пәтерде тұру — қаскөйлердiң кәнгi әдетi. Тексеру жұмыстарының нәтижесiнде бүлiкшiлердiң 1 бөлмелi пәтерде 8-10 адамға дейiн топтасып, арам пығылын жүзеге асыруды жоспарлап келгенi анықталды. Оған қоса, адамдарды аяусыз өлтiрген жауыздардың қару-жарақтары да басыбайлы баспанасынан емес, жалдамалы пәтерлерден табылып жатыр. Қараша халықтың баспанасыз деген мұқтаждығы шешiлмей, «квартиранттардың» саны көмiмейдi. Бұлай жалғаса берсе, қауiпсiздiк мәселесi кейiнге шегерiле бередi. Жалпы, қандай азаматтар пәтер жалдайды?

Наи́ма НҰРӘЛІ

КЕЙУАНАНЫ ТОНАП КЕТКЕН

«Пәтер керек» дегеннің арғында қандай ойдың тұрғанын біле алмайсың. Пайданы ойлаған пәтер иелері ондайға бас қатырмайды да. Жеке куәлігін көрсетіп, айтқан ақшаны берсе жеткілікті, кім көрінгеннің қолына кілтті ұстата салады. Елдегі жаппай бүлік көрінісін де күлдіктенуді үйретті. Себебі жазалан қашып жүрген содырлардың қазір жалдамалы пәтерлерде жасырынып жатуы әбден мүмкін. Одан бөлек, жақында Өскеменде зейнеткердің «квартирантты» тонап кетті. 46 жастағы азамат 80 жастағы кейуананың ұялы телефонын қолынан жұлып алып, сандыққа сақтап жүрген 2 миллион теңгесін қолды еткен. Қазір ұрыға қатысты Қылмыстық кодекстің 191-бабы 3-бөлігі («Тонау») бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде. Бұған дейін елге белгілі кісінің жұбайын ақша сұрауға барғанда пәтер жалдаушылар пышақтап өлтіргені көптің есінен шыға қойған жоқ.

«Көптеген пәтер иелері мен жалға алушы қаражатты үнемдеу үшін риэлторларға жүгінгісі келмейді. Алаяқтық оқиғаларының да жиі орын алуы — сондықтан. Жылжымайтын мүлік саласында алаяқтар көп. Қауіпсіздік мәселесінде үнемдеуге болмайды. Жалға алушы

Жаңа заманның «көшпенділері»

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша жалдамалы пәтер құны	
Сарыарқа ауданы бойынша	1 бөлмелі: орташа бағасы 90 мың тенге мен 130 мың тенге аралығында (33-42 ш.м). 2 бөлмелі: 120 мың тенге мен 160 мың тенге аралығында (55-63 ш.м).
Байқоңыр ауданы бойынша	1 бөлмелі: 110 мың тенге мен 130 мың тенге аралығында (35-44 ш.м). 2 бөлмелі: 130 мың тенге мен 160 мың тенге аралығында (44-65 ш.м).
Алматы ауданы бойынша	1 бөлмелі: 120 мың тенге мен 140 мың тенге аралығында (42-56 ш.м). 2 бөлмелі: 130 мың тенге мен 160 мың тенге аралығында (49-60 ш.м).
Есіл ауданы бойынша	1 бөлмелі: 130 мың тенге мен 150 мың тенге аралығында (43-52 ш.м). 2 бөлмелі: 170 мың тенге мен 200 мың тенге аралығында (60-70 ш.м).

Алматыда қаласы бойынша жалдамалы пәтер құны	
Алматы ауданы бойынша	1 бөлмелі: 120 мың тенгеден 200 мың тенге аралығында (33-40 ш.м) 2 бөлмелі: 150 мың тенгеден 250 мың тенге аралығында (43-73 ш.м)
Медәу ауданы бойынша	1 бөлмелі: орташа бағасы 190-250 мың тенге аралығында. Мәселен, 1989 жылғы 37 шаршы метрлік пәтер айына 200 мың тенге. 2 бөлмелі: 55 шаршы метр үшін 372 мың тенге мен 400 мың тенге аралығында.
Түркісіб ауданы бойынша	1 бөлмелі: 100 мың тенге мен 130 мың тенге аралығында (20-40 ш.м). 2 бөлмелі: 110 мың тенге мен 160 мың тенге аралығында (49-63 ш.м).
Алатау ауданы бойынша	1 бөлмелі: 120 мың тенге мен 150 мың тенге аралығында (39-45 ш.м). 2 бөлмелі: 170 мың тенге мен 200 мың тенге аралығында (56-60 ш.м).

Елпаш ҚАЗА (инфографика)

мен жалға берушінің талаптарын қанағаттандыра білу — риэлтордың кәсібилігі. Сондықтан риэлторға ақы төлеген кезде бірінші кезекте өз тыныштығыңыз бен қауіпсіздігіңіз үшін төлейсіз», — дейді риэлтор Жан Рысбаев.

Түркияда тұрғын үйді жалға алу мәдениеті қалыптасқан. Жалға алушылардың, жалға берушілердің де құқықтары заңмен қорғалады. Өкінішке қарай, біздің заңнамада риэлтордың құқықтық жағдайы белгіленбеген. Яғни, риэлтор туралы, оның қызметі туралы ешқандай заң жоқ. Қазір жылжымайтын мүлікке қатысты ешқандай білімі жоқ бос жүрген адамның бәрі риэлтор бола алады. Риэлтор болам деген ниет болса болды, өзіне жарнама жасайды. Сөйтіп, жұмыс істей береді. Осы тұста Қазақстанда пәтер жалдаудың көбі заңнан тыс ұйымдастырылатынын атап өткен жөн. Мәселен, елордала жалға берілетін пәтерлердің 80 пайызы заңсыз, жартысынан көбі келісімшартсыз, сөз жүзінде келісілген. Сондықтан оқыс оқиғалардың болмауына кепілдік жоқ.

КІМДЕР ПӘТЕР ЖАЛДАЙДЫ?

Елімізде жүргізілген зерттеулерге сүйенсек, жалға алынған тұрғын

үйдің ауданы заң талаптарына сәйкес келмесе де, оған қол жеткізу үшін әрбір бесінші адам екінші жұмыс істейді, жалға алушылардың жартысына жуығында жинақ жоқ. Сонымен қатар жартысынан көбі соңғы бір айда банктен несие алған.

Түркістан қаласында азық-түлікке жетпейді. Көбіне кімдер пәтер жалдайды десеніз, жартысы жергілікті тұрғындар болса, қалғаны мигранттар. Пәтер жалдаушылардың басым бөлігі қалаларға соңғы 5 жылда көшіп келгені ескерсек, тізімнің 20-30 пайызын 18-29 жас аралығындағы студенттер құрайды. Үштен бірі басқа мекенжайда тіркелген. Жалға алынған пәтерде тұратындардың 54 пайызы тұрақты немесе уақытша тіркеуге іе жұмыс істейтін, қалада тұратын азаматтар.

Пәтер жалдап тұратындарды зерттеушілер 3 топқа бөлген. «Бірі — пәтер ішінде бөлме жалдайтындар, «временкаларда» тұратындар. Бұл топқа 30-45 жастағы орта білімді қазақ әйелдерін жатқызым. Бір ғана табыс көзі бар. Оның өзінде жекеменшік компанияларда жалдамалы жұмысы болып қызмет етеді. Көбінің бұлай жүргеніне 4 жылдан асқан. Үй ала алмауының негізгі себебі — қаражаттың тапшылығы.

Келесі, пәтерлерді немесе жер үйлерді жалдап тұратындар. Бұл тізімде де әйелдердің үлесі көп. Көбіне 18-29 жас аралығындағы қыздар мен 30-45 жастағы келіншектер. Көбіне ұлты — қазақ. Басым бөлігін кәсіптік білімі бар, тұрмысқа шыққан. Үйсіз жүруінің негізгі себебі — табысының төмендігі.

Үшінші санатта — мемлекеттік бағдарламалар бойынша пәтер жалдап тұратын 43-45 жастағы қазақ әйелдері. Жоғары білімі бар, тұрмыс құрған. Бір ғана табысы бар өрі әлеуметтік төлемдер алып отырады. Мемлекеттік қызмет саласында жалдамалы жұмысы болып еңбек етеді. Олардың табысының төмен болуынан үй сатып алуға шамасы жоқ. Бірақ пәтер жалдап тұратын әрбір екінші адам ипотекадан үмітті», — дейді сарапшылар.

Дамыған елдерде жеке пәтер деген болмайды, көбі жалдамалы. Оларда жеке өз үйін болғанынан гөрі пәтер жалдап тұрған ыңғайлы. Өйткені пәтер жалдау құны табатын табыстың 15-20 пайызы. Жалдаған пәтер құнының ішіне айлық коммуналдық төлем мен танертенгілік асыныз қоса қамтылады. Арзандау пәтерге тұрамын десеніз, өзіңіздің тандауыңыз біледі. Жалдап тұрған пәтердің тұрмыстық құралдарының

бірі істен шықса, қайта қалпына келтіріп беру — жалға берушінің міндеті. Пәтер иелері пәтер жалдаушылардың ақшасын алып отырған соң, барлық жағдайын жасауға дайын. Өйткені жалдап тұрған пәтердің барлық мүлкі ай сайын төленетін пәтеракының құнына кіреді.

БАҒА ҚАНДАЙ БАҒАСЫН?

Бізге жалдамалы пәтердің құны табатын табыстан үш-төрт есе жоғары. Айталық елордала 250 мың тенгеге 1 бөлмелі пәтерді жалдайтындар да көп. Сайттарда 13-20 шаршы метрлік бір бөлмелі пәтерлер айына 50-60 мың тенгеден тұр. Көбінде жуынатын бөлмесі жоқ. Тіпті, астананың төрінде тұрған жалдамалы «временкалардың» арасында дәретханасы қаладала орналасқандары да жетерлік.

Алматыда «временкалар» сұранысқа ие. Алматы облысында Есік, Қаскелең, Шанырақ, Айнабұлақ, Талғар аудандарында 30 мыңнан 60 мың тенгеге дейін пәтер жалдап тұруға болады.

«Жалдап тұрған пәтерге қонақ шақыруға болмайды, балаларын болмау керек» дейтін пәтер иелерінің талабы бар. Пайдаланып отырған тұрмыстық құралдардың

әкімшілік тұтынушыларға хабарласатын телефон нөмірін жариялаған жоқ. Талғар қаласы орталығындағы «Талғар», Small супермаркеттерінде азық-түлік 10-20% өскен. Ал «Алтын адам» дүкенінде картоп келісі — 320-ға көтерілді. Базарда сиыр еті 2 800, жылқы еті 3 000, қой еті 2 900 тенгеге шарықтап кеткен. Жедел желіге хабарласан, тұтқаны көтермейді. Сонда азық-түлік бағасын тұрақтандыру дегені өтірік болғаны ғой», — дейді Сәния Нүсіпәлі.

Ал Алматы облысы сауда дамыту бөлімінің басшысы Айгүл Садырқызы әкімдікке ешкім шағымданбағанын айтты. Шағым болмағаны да түсінікті емес пе? Өйткені жедел желі жауап бермейді. Бірақ бөлім басшысы азық-түлік қымбаттауынан хабардар екенін алға тартты. Айтуынша, қымбатшылықты шағын дүкендерге тауар әкелетін көтерме саудагерлер жасап отыр. Өз кезегінде олар да тауарды 2-3 алыпсатардан үстеме бағаман алады. Мысалы, құс фабрикасында 10 жұмыртқа 350 тенге болса, дүкенге келгенше 550-600 тенгеге көтеріледі. Дүкендер 7-8 пайыз үстіне қосады. «Біз барлық ауданның кәсіпкерлеріне көтерме сауданы айналысатын алыпсатарлардың аты-жөнін Бәсекелестікті қорғау және дамыту департаментіне беруін өтіндік. Қызметтік тексеріс жасау — олардың міндеті. Облыста қант пен сүт өнімдерін қымбаттап кетті. Әсіресе, JLC компаниясының өнімдері жаңа жылдан кейін 30 пайызға өскен. Біз компания директоры Болғановпен бағаны түсіру жайлы сөйлестік. Бірақ ол сүтті Қырғыз Республикасынан алатынын, салық өскенімен бағаны түсірмейтінін айтты. Бірақ Бәсекелестікті қорғау және дамыту департаментіне компанияға қатысты шаралар қабылдау керігін айтқанбыз», — дейді бөлім басшысы. Бірақ «тексеріс жүргізу туралы шағым жібердік» деген әкімдіктің сөзін департамент жоққа шығарып отыр. Департамент мамандары да жыл соңында сүт зауыты бағаны өсіретіндерін айтып алдын ала хабар жібергені мен нақты шағым болмауына байланысты шара қолдана алмайтынын айтып түсіндіреді. Сонда Қазақстанның өңірлеріндегі ірі сауда желілері мен супермаркеттерде әлеуметтік маңызы бар тамақ өнімдеріне жоғары баға белгіленгеніне куә болсаңыз, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне хабарласу керек екені бос сөз болғаны ма?

Жаңа генералға – жаңа міндет



Қуаныш СЫЛАРБАЙ (сол жақ)

Айналырған алты ай ішінде елімізде Қорғаныс министрі екі рет ауысты. Ведомствоны басқарған екі генерал да Қарулы Күштердегі олқылықтар үшін қызметпен қош айтысты. Олардың біреуі отставкаға кетуге өзі өтініш берсе, екіншісі Жоғарғы Бас қолбасшының Жарлығымен орнынан алынды. Президент жаңадан тағайындалған министрге нақты тапсырма жүктеді. Ал біз қорғаныс және қауіпсіздік саласында не өзгеруі мүмкін екенін саралап көрдік.

Амангелді ҚҰРМЕТ

«КҮРЕҢ БЕРЕТТІ» ГЕНЕРАЛ КЕЛДІ

Қаңтардың 19-ы күні Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс министрінің басшылық құрамымен кеңес өткізіп, генерал Мұрат Бектамовты қызметінен босатты да, орнына генерал Руслан Жаксылықовты тағайындады. Сөйтіп, әу баста И.Конов атындағы жалпы әскерлік командалық училищесінде оқып, кейін М.Фрунзе атындағы әскери академияны, РФ Қарулы күштері Бас штабының әскери академиясын аяқтаған, алайда соңғы 20 жыл бойы ІІМ Ішкі әскерінде, Ұлттық ұлан сапында қызмет еткен генерал тұтас қорғаныс саласын басқаруға кірісті. Әрине, әскери қызметін мотоотқыштар, барлау бөлімдерінде бастаған генералдың бұрынғы Ішкі әскердегі, казиргі Ұлттық ұландағы арнайы күштердің элитасы саналатын «Буркіт» бөліміне тиесілі «күрен берет» иегері екені жұртшылықтың назарын аударғаны жасырын емес. Әрі көлімгідей үміт оятқаны бар. Өйткені «күрен береттілер» аса ауыр сынақтар мен ең жоғарғы деңгейдегі дайындықтан өтеді. Арнаулы күштердің ішіндегі ең беделдісі саналады.

Дегенмен Ішкі әскер саласының тұтас Қарулы Күштерден өзгешелеу екенін де назардан тыс қалдырмаған абзал. Тек гене-

ралдың жастау кезінде «әскери барлауды жедел-тактикалық командалық-штабтық басқару» және «мемлекеттің әскери қауіпсіздігі» мамандықтарын оқығаны министрдің біліктілігіне қатысты күмәнді сөйлеткендей болады. Алайда теория мен нақты жағдай бөлек екені анық. Оның үстіне, Қарулы Күштердегінің өзі тым күрделі құрылым. Оның өзіне тән білім беру, денсаулық сақтау, қаржыландыру, тіпті мәдени-ағартушылық жүйелері бар. Тіпті, Қарулы Күштерді жарактандырудың өзі күрделі іс. Әскери әуе қорғанысы, құрлық әскерлері, әскери теңіз күштері тәрізді түрлі салаға бөлінетіні тағы бар. Оған қоймалардың жай-күйін, көлік-логистикалық кешеннің жағдайын, одан қалса Қарулы Күштерді реформалау мен дамытудың тұтас тұжырымдамасын қосыңыз. Офицерлердің моральдық-психологиялық жағдайы, әскердегі суицид, жемқорлық, халықаралық ынтымақтастық деісін бе, қысқасы жана министр үшін жұмыс шаш етекпен болғалы тұр. Оның үстіне, Президент жана тапсырмалар да жүктеп тастады.

ПРЕЗИДЕНТ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТТЕР ҚАНДАЙ ЕДІ?

Жоғарғы Бас қолбасшы жана министрге ең алдымен ел басшылығын сыртқы және ішкі қауіп-қатерлер туралы уақытылы әрі нақты ақпараттармен қамтамасыз етуге тиісті әскери барлау қызметін күшейтуді тапсырды. Біздің пайымдауымызша,

әскери қызметінде 11 жыл бойы барлау бөлімдерін басқарған Руслан Жаксылықовтың бұл міндетті орындауға қабілеті жетуі тиіс. Алайда ел басшылығын түрлі қауіп-қатер жайлы дер кезінде хабарлар етіп отыру үшін әскери барлау өзге күш құрылымдарындағы барлаушылармен тізе қоса жұмыс істеуі қажет. Айталық, бұрынғы «Сырбар» 2019 жылдан бері ҰҚК құрамында, қарсы барлау да ұлттық қауіпсіздік қызметінің ажырамас бөлігі. Ішкі істер министрлігі бағытында ресми түрде барлау органдары жоқ. Полициялар кейде кеңестік кезеңнен келе жатқан ескі тәсіл – бейресми агентураға сүйенеді. Сондықтан жаңадан тағайындалған Қорғаныс министріне әскери барлауды жетілдірудің тың тұжырымдамасын жасау қажет болатын сынайлы. Ал Президент Жарлығына сай құрылатын Арнаулы операциялар жөніндегі күштердің басшылығы «күрен беретті» генералға тапсырылған. Яғни, сарбаздардың даярлығын тексеруге оның біліктілігі жетеді. Дегенмен Арнаулы операциялар жөніндегі күштер басшылығы қандай құқықтық нормалар негізінде жұмыс істейтінін анықтау қажет болады. Өйткені арнаулы күштердің қандай құрылымға бағынатынын маңызды болғалы тұр. Егер Бас штаб арқылы жұмыс істейтін болса, арнаулы күштерді пайдалану үшін ҰҚК немесе ІІМ рұқсат сұрауға мәжбүр болуы ықтимал.

Өйткені бейбіт күнде Бас штабқа өзге күш құрылымдарының бөлімшелері бағынбайды. Тек соғыс жағдайында Бас штаб барлық күштерді басқаруы тиіс. Запастағы генерал-майор Әділбек Алдабергенов те масс-медиаға берген сұхбатында ҰҚК Шекара қызметі, ІІМ Ұлттық ұланы едетте мүлдем бөлек қызмет атқаратынын, сондықтан бейбіт күнде

оларды Бас штабқа бағындыру қажет емес екенін айтқан еді. Оның үстіне, армиядағы арнаулы күштердің сирек қолданылатынын ескерсек, Арнаулы операциялар жөніндегі күштер басшылығының Бас штаб немесе Қорғаныс министрілігі аясында емес, ҰҚК, ІІМ құрылымдарына жақын болғаны жөн сияқты. Бірақ қаңтардың басындағы бүлік кезінде бұл құрылымдардың барлығы дерлік командирлердің қауқарсыздығы, дербес шешім қабылдауға батылы жетпей қалғаны байқалды. Ал бұл жағдай өз кезегінде Арнаулы операциялар жөніндегі күштер басшылығын жасақтауды жана-жақты пысықтауға мәжбүр етіп отыр. Сондықтан кесіп-пішіп пікір айту әзірге ерте.

Президенттің келесі тапсырмасы қару-жарақ сақтайтын нысандардың қауіпсіздігіне қатысты болды. 2019 жылы Арыста, былтыр Жамбыл облысында әскери қоймалардың өртенуі салдарынан жөнін жарылыс болып, елдің дүрліккені есте. Біздің пайымдауымызша, қоймалардағы қауіпсіздіктің сақталмауы, ок-дәрілердің пайдалану мерзімінің өтуі мен оларды сақтайтын орындардың тозуы бірер жылда қалыптасқан жағдай емес. Өріге кетсек, бұл жағдай Сағадат Нұрмағамбетовтен кейінгі барлық Қорғаныс министрлері назардан шығарып алған мәселе. Тіпті, әскери қоймалардың жасырылмауы, жер серіктерінен еркін суретке түсіріле беретіні КСРО кезінде «уақытша» деп асығыс салынғанынан басталады. Тәуелсіз Қазақстан тарихында жана әскери ок-дәрі қоймасы ешқашан салынған емес. Өрі елдегі әскери арсенал, қоймалар әлі күнге толық инвентаризациядан өтпеген. Былтыр Қорғаныс министрілігі елдегі әскери қоймалардың инвентаризация көрсеткіші 20 пайыз болғанын мәлімдеген. Арыстағы жарылыстан екі қойма салынатыны жөнінде мәлімет тараған. Бірақ кейін экс-министр Нұрлан Ермакбаев қоймалардың тек жобалық-сметалық құжаттары ғана әзірленгенін айтты.

ҚАРУ-ЖАРАҚТЫҢ ЕСКІРГЕНІ РАС

Қасым-Жомарт Тоқаев жана министрді таныстырған жиында Қазақстан армиясының техникалық және жауынгерлік жабдықтарын жанарту міндетін жүктелді. – Әскердегі қару-жарақтың дені 30-50 жыл болған Кеңес дәуіріндегі техника. Ескірген техникалардың мерзімінің өткеніне байланысты қару-жарақ паркін жанарту үшін шұғыл шаралар қабылдау қажет. Қарулы Күштер заманауи әрі жоғары технологиялық қару-жарақпен, әскери техникамен жабдықталуы тиіс. Қабылданатын шаралар жүйелі болуы керек. Қару-жарақ пен әскери техниканы жөндейтін, оларға қызмет көрсететін отандық өндірісті дамыту қажет, – деді Жоғарғы Бас қолбасшы. Сөйтіп, «қызым саған айтам, келінім сен тыңда» тәсіліне жүгінген сынайлы. Өйткені қару-жарақ паркін жанарту оңай емес. Армияға қаз

келген жана техниканы сатып алу үшін алдымен Қорғаныс министрілігі, ІІМ немесе ҰҚК тәрізді құрылымдар техниканың қажет екеніне Қаржы министрілігіндегі мамандардың көзін жеткізуі керек. Одан соң тапсырысты Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрілігіне қарасты мекемелерге береді. Өйткені қорғаныс өнеркәсібі де, техниканы жөндеу шетелдік өнімдерді, соның ішінде түріктің Агма8x8 көлігін немесе Ресейдің БТР-82-сін алу керек пе дейтін дау дүркін-дүркін пайда болады. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрілігіне қарасты мекемелер «Барыс 8x8» көлігін сынақтан өткен, дайын өнім деп таныстырса, кейбір әскерилер оның ешбір іске жарамайтын, әлі жетілдіруді қажет ететін прототип екенін алға тартады.

Сол сияқты тәуелсіздік жылдарында Қазақстан ешқашан жана бұрын танк сатып алған емес. Қарулы Күштердегі танктердің барлығы Т-72Б көліктері немесе олардың модернизацияланған түрлері. Яғни, әскери ғылымда 3++ буыны ретінде бағаланатын техникалар. Еліміз НАТО немесе Кореяның танктері түгілі ресейлік Т-90М қатарлы ұрыс техникасын да алмаған. Ал олар кемі 4 буын танктері саналады. Сол сияқты жауынгерлер қолданатын атыс қаруының барлығы дерлік Калашников автоматтары. Заманауи атыс қаруы тек арнаулы күштерде ғана бар. Әуе қорғанысы күштерінде тұрған зениттік зымбыран кешендерінің көбі есі. Қуатты саналатын С-300 ПС немесе С-300ПМУ зениттік зымбыран кешендерінің ең жана-сы өткен ғасырдың 90-жылдары жасалған. Яғни, тағы сол кеңестік кезеңнен қалған құралдар.

Айтпақшы, ашығын айту керек, армияда жанартылған техникалар да бар. Соңғы үш жылда радиолокациялық қондырғылар жанартылып жатыр. Атап айтқанда, «Нұр» РЛС сияқты қондырғылар пайда болды. Әскери теңіз күштерінің кемелері мен катерлерін де жана жабдықтар қатарына қосуға болады. Көбі өзіміздің «Зенит» зауытында құрастырылып жатыр. Сонымен қатар оптикалық құралдар мен бронда автомобильдер, аздап болса да артиллериялық қондырғылар жанартылды. Біздің пайымдауымызша, бұл үрдіс жалғаса беруі тиіс. Өйткені 2020-2022 жылдарға арналған қорғаныс бюджетінің көлемі әу баста 2,55 миллиард долларға тең еді. Енді жана бюджетте қару сатып алу мәселесі мұқият қаралуы мүмкін. Тіпті, 2022 жылға арналған жоспар да өзгертін болды.

Қару ұстау қауіпсіздік кепілі ме?

«Қаңтар трагедиясынан» кейін Ішкі істер министрлігі халықты түбегейлі қарусыздандыруға көшкендей. Қолда бар қаруын өткізбегендер жазаланатынын да қоса айтты. Онсыз да қоғамда «қару ұстауға рұқсат беру керек пе?» деген сауал өзекті еді. Бұл мәселеге қатысты елдің пікірі бұрыннан екіге жарылған. Бірі қару ұстау мәдениеті қалыптаспағанын, кез келген адамға оңды-солды қару берсек, қылмыс көбейетінін айтса, екіншісі өзін-өзі қорғау үшін халықта қару болуы керек дейді. Осы екіжақты ойдың ешбірін негізсіз дей алмаймыз.

Мадияр ТӨЛЕУ

МИНИСТРЛІК «ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУМЕН» ӘУРЕ

Негізі, халықты қарусыздандыру процесі бүгін басталған дүние емес. Ішкі істер министрлігінің ұстанымы әуелден айқын: қару – қауіпсіздік кепілі емес. Халықтан қару сатып алу, яғни ел арасынан қару жинау 2008 жылдан бастап іске асты. 2021 жылғы дерек бойынша, содан бері 53 мыңнан астам дана қару-жарақ жиналып, республикалық бюджеттің 1,7 млрд теңгесіне 2 миллионнан астам патрон алынды. Дегенмен құзырлы органдар мұны қанағат тұтпады. Былтыр көктемде Ішкі істер министрлігі қазақстандықтарға заңсыз сақталған қаруды тапсырып, ол үшін ақша алуға тағы бір мүмкіндік берді. Ол үшін республикалық бюджеттен 95 миллион теңге бөлінді. Ведомство тым ескі, тозған қаруға 30 мың теңге, жасы сақталған қару үшін ең жоғары баға – 300 мың теңге төледі. Бірақ тіркелген қаруға ақы бермеді. Соған қарағанда жауапты орган ел ішінде жасырын жатқан қарулардан сескенген. Кім білсін, қылмыстың көбеюіне себепкер болады деген шығар.

Ал осы жолғы елдегі жаппай бүліктен кейін Ішкі істер министрлігі «сыпайлық-



ты» ұмытты. «Ақы төленеді» деп отырған жоқ, тұрғындар заңсыз сақталған қару-жарақ пен ок-дәріні, жарылғыш заттарды өз еркімен тапсыруы тиіс екенін айтып, талап қойды. Азаматтар соның есесіне қылмыстық және әкімшілік жауапкершіліктен босатылады екен. Үндеуінде министрлік бұл амал арқылы жазатайым оқиғалардың алдын алатынын ескертті. Егер қаруды заңсыз сақтағандар анықталса, 5 жылға дейін бек бостандығынан айырылуы мүмкін.

Әрине, біз министрліктің бұл амалын құптамаудан аулақпыз. Егер мәселе қылмыстың алдын алуға тіреліп тұрса, орынды әрекет екені анық. Елімізде заңсыз сақталған қару арқылы соңы адам өлімімен аяқталған қылмыстар жетерлік. Мәселен, былтыр Қостанайдың Лисаковск өңірінде көршілер арасында жанжал шығып, соңы екі адамның өлімімен бітті. Ашуын тізгіндей алмаған зейнеткер заңсыз сақталған аңшы мылтығынан оқ атып, көршілерін «жайратып» тастаған. Айтпақшы, елімізде атыс қаруын қолдану арқылы жасалған қылмыстардың барлығы ішкі істер органдарында тіркеуге алынбаған екен, себебі көбі заңсыз айналымдағы қару-жарақтардың кесірінен болады.

Оның үстіне, Ішкі істер министрлігі елдің ішінде қару онсыз да көп екенін

айтып жүр. 2019 жылы елімізде 200 мыңнан астам аңшы бар екені анықталған, олардың әрбірі бір ғана емес, кемі 2 мылтық ұстайды екен. Ал қаруды заңды түрде ұстайтындарға қатысты өңгіме басқа. Заң бойынша, ішкі істер органдарынан нақты қару түрін иемденуге рұқсатты 18-ге толған кез келген азамат ала алады. Рұқсат мерзімі – бес жыл. Ал атыс немесе аңшылық қаруды аңшы куәлігі барлар ғана ұстай алады. Талапқа сай әр азаматтың иелігіндегі аңшылық қарудың, газды тапанша, тіпті электрлі қарудың саны да екеуден аспауы керек.

ҚАРУСЫЗДАНДЫРУ – ЕКІҮШТІ МӘСЕЛЕ

Енді екінші тараптың пікірін талдап көрсек. Қару қылмысқа бастама болуы мүмкін екен. Бірақ ол қауіпсіздік үшін де қажет, мұны жокқа шығара алмаймыз. Әуелі мына сұраққа жауап берсек: халықта мұнша қару қайдан жүр? Ішкі істер министрлігінің дерегіне сенсек, әдетте қазақстандықтарда жүрген қарудың басым бөлігі мұра болып қалған. Одан бөлек, тіркеу бойынша шектеулер енгізілгенге дейін табылған не сатып алынған қаруларды үйінде заңсыз сақтайды.

2013 жылы Мәжіліс депутаты «Азаматтық тұлғаларға Қазақстандық заңдар

бойынша өзін-өзі қорғау құралдарына қатысты травматикалық қаруды иеленуге тыйым салатын» түзетулерді қабылдады. Бұл түзету қоғамда бір жыл бойы талқыланып, қарсылық тудырғаны есімізде. Сарапшылар травматикалық қаруға тыйым салудегі қылмыстық жауапкершіліктің жетіспеуін мүмкін екенін айтты. Себебі травматикалық қару арқылы жасалған қылмыстардың 90 пайызы тіркелмеген «тапаншамен» жасалған. Сондықтан ІІМ-нің халықтан травматикалық қаруды қайтарып алу акциясы заңға бағынатын азаматтарды қарусыздандырып, ал қылмыскерлердің қаруды жасырып қалуына септескендей көрінді. Мысалы, 2015 жылы Қазақстанда травматикалық қаруы бар 38 мың адам тіркелген. Білік науқан кезінде 20 мыңнан аса қаруды қайта сатып алып, ал қалғаны иелерінің қолында қалған. Әйтеуір, қауіпсіздік қызметкерлері бұл криминалға жағдайдың жақсаруына әкеледі деп сендіріп, жағдайды ақтап алды.

Сонау 2010 жылы «Ішкі істер органдарының қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қызметін жетілдіру мәселелері бойынша кейбір зерттеушілер актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң бұрын қолданыста болған «5+5» нормасын (бір адамның қолында аңшы қаруының ең көбі бес данасы болуы) «2+2»-ге дейін төмендетті. Яғни, аңшылардың қаруы азайды. Ал халықтың қолындағы қару төркіленді. Төркіленді демесе шара жоқ, себебі қаруды министрлік халықтың өз салығына, нарықтағы бағадан 3-4 есе кем құнына сатып алған. Ал заңгер Абзал Құспан халықты «жаппай қарусыздандыру» қауіпсіздік жайын ұмыт қылғанын айтты.

– Қару-жарақтың «сақтау ережесі» деген болады. Қаруды төркілесін, егер құқық қорғаушылар елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ете алса. Бірақ олай болған жоқ. Мейлі, енді қауіпсіздік жайына тереңірек барсақ. Кез келген мемлекетте «Әскери доктрина» болуы тиіс. Бізде жасалмады. Онда «ықтимал қарсылас» деген түсінік болады. Еліміздің геосаяси орналасу аймағы күрделі. Халықтың қауіп-

сіздігіне жауап берер өз шамасы болуы қажет. Тағы бір жайт – Қазақстанда қару сататын дүкен иелерінің 100 пайызы ресейлік азаматтар. Әскери ұйымдардың жаттығуында да солар жүреді. Ал бізде қару ұстай алатын азаматтар аз. Кеңес Одағы кезінде мектеп қабырғасынан бастап қару ұстауға рәбілейітін. Қылмыс өз алдына қауіпсіздікке келгенде жаппай қарусыздандыру процесіне қарсымын, – дейді ол.

ШЕТЕЛДЕ ҚАЛАЙ?

Бұл тұста әлем елдерінің тәжірибесін ескерусіз қалдыруға болмас. Жалпы, дүниежүзінде қару ұстауға рұқсат берген елдердің қатары көп емес. Бәрінде де белгілі бір тыйымдар бар. АҚШ, Бразилия, Швейцария мен Эстония – қару ұстауға рұқсат берген елдер. Аталған елдер бұл мәселеге қауіпсіздік жағынан қараған сынайлы. Бірақ өзіндік себептері бар. Мысалы, Бразилияда қылмыскерлер шамадан тыс көбейіп, қоғамға қауіп төндіре бастаған соң 2005 жылы халыққа қару ұстауға рұқсат берді. Ал АҚШ азаматтар қаруды ретсіз қолданбайтынына сенген. Себебі қаруы бар адам өзінде де барын біледі, қылмысқа бармайды, қоғам қауіпсіз жүреді деп есептеген. Осы арқылы қарудың заңсыз айналымы шектелетініне сенген. Әйтпесе, халық қаруды заңсыз ұстаудың жолына көшеді-міс.

ТҮЙІН:

Үйінде қару ұстағандардың барлығы да қылмыскер емес шығар. Бірақ осындайда А.Чеховтың «Егер пьесаның бірінші актісінде қабырғада мылтық ілулі тұрса, онда соңғы актіде міндетті түрде атылуы керек» деген ойы еске түседі. Қолдағы қару, өйтеуір бір атылмай қоймас. Елімізде қарудың көлемі айналымы туралы деректердің болмауы құқық қорғаушыларды алаңдатын сияқты. Қару төркілеудің екіжақты мәселе екенін айттық. Алғашқысы қылмысты азайтуға септесер болса, келесісі азаматтардың қауіпсіздік жайын ұмыттырады. Сондықтан бұл мәселе алдағы уақытта да өзекті күйде қалып, талқылана беретін тәрізді.

Маман – қат, материал – қымбат

Солтүстік Қазақстан облысында соңғы бес жылда құрылыс көлемі екі есе артты. Құрылыс саласынан түсетін салық көлемі бір жарым есе ұлғайды. Бүгінде салынып жатқан нысанда 5 000 құрылысшы жұмыс істеп жүр. Бұл 2017 жылғымен салыстырғанда екі есе көп. Дегенмен әлі де құрылысшы мамандар жетіспейді. Әрі құрылыс материалдарының бағасы күн санап шарықтауы құрылыс компанияларына кедергісін келтіріп тұр.

Құрылыс материалдары солтүстік өңірлерде ғана емес, ел бойынша қымбаттады. Мұны сала мамандары сыртқы нарықтағы бағаның өсуімен байланыстырып отыр. Солтүстік Қазақстан облыстық Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының мәліметінше, соңғы жарты жылдың ішінде 110 пайызға қымбаттаған материалдар бар. Мәселен, профильді құбыр 300 мың теңгеден 630 мың теңгеге дейін аспандап кеткен. Сонымен қатар қиыршық тас, кірпіш, арматура, цемент, бетон сияқты материалдар 50-90 пайызға қымбаттапты.

Салдарынан құрылыс компаниялары шығынға белшесінен батты. Құрылысшылар қауымдастығының төрағасы Сергей Тимофеев жобалау-сметалық құжаттамадағы бағалар нарықтағы сәйкес келмейтіні салдарынан құрылысшылар зардап шегіп отырғанын айтады. Мәселен, 2 400 теңге деп көрсетілген қиыршық тас бүгінде 4 700 теңге тұрады, ал 78 теңгеге кірпіш алу мүмкін емес, ең кемі 120 теңгеден, бетонның текше метрі 22 000 теңге деп көрсетілгенімен, нарықтағы баға – 33 000 теңге. «Үйдегі көңілді нарықтағы баға бұзды» дегендей, осындай қымбатшылықтың кесірінен құрылыс компаниялары бағадағы айырмашылықты өз қаржысы есебінен өтеуге мәжбүр.

«Құрылыс материалдарының бағасы былтыр жыл басынан бастап қымбаттады.

Маусым айында базалық бағаларды жанартып еді, іле ол қайтадан шарықтап шыға келді. Ал құрылыс компанияларына төленетін өтемақы жылдың соңында ғана қолдарына тиді. Оның өзі шығындарды толық жаппайды. Өйткені шығын көлемі 10 пайыздан асса ғана, өтемақы төленеді. Ал 8-9 пайыз шығынмен жұмыс істегендер тақырға отырды. Мәселен, құрылыста газ-бетон мен кірпіш көп қолданылады. Газ-бетон плитаның текше метрі 19 000 теңге деп көрсетілгенімен, 32 000 теңгеге сатып аламыз. Кірпіш те базалық бағадан 2-3 есе қымбат. Еден плитасының әр шаршы метріндегі айырмашылық – 2 000 теңге. Осыдан-ақ шамалы берініз. Сондықтан мемлекеттік нысандарды салуға компаниялар аса қызығушылық танытпайды. Өйткені рентабельділігі шамалы, қып-қызыл шығын», – дейді Сергей Петрович.

Нәтижесінде, өз міндеттемелерін орындай алмай отырған компаниялар да бар. «Стройкомпания» ЖШС былтыр салуға тиіс үйдің құрылысы әлі басталған жоқ.

«Зерттеу СК» ЖШС директоры Евгений Махия былтыр «Жас өркен» шағын-ауданында екі үй сала деп шығынға белшесінен батқанын айтады. «Бірақ біздің қиындықтар ешкімі толғандырмайды. Міндеттеме алған соң орындауымыз керек. Барлық шығынды өз қаржымыздың есебінен жаптық. Кейбір материалдар 20-30 пайызға қымбаттағанымен, кейбіреулерінің бағасы айтарлықтай 2-3 есе қымбаттады. Ал жобалау-сметалық құжаттамада мүлдем басқа бағалар көрсетілген», – дейді Евгений Сергеевич.

Құрылысшылардың айтуынша, құрылыс компанияларының тарихында бұрын-соңды мұндай қымбатшылық пен шығындалу болмапты.

ЕСЕҢГРЕТКЕН БАҒАЛАР

Соның кесірінен бюджеттік құрылыс нысандарына ең арзан әрі сапасыз материалдар жұмсалды. Мемлекеттік бағдар-

лама бойынша салынған үйлерге қоныстанушылар ең алдымен күрделі жөндеу жасауға мәжбүр. Пәтерлерге жөндеу жұмыстарын жүргізумен айналысатын Иван Якунин бұл үйлер қалай болса солай салынғанын айтады.

«Сантехникасы бар, бірақ ең арзаны әрі дұрыс орнатылмаған. Бұл үйлер «Ең бастысы – болса болды» деген қағидатпен салынғандай. Қандай екенінде ешкімнің шаруасы жоқ. Тұратын адам өзі жөндеп алады деп салынған сияқты. Түптеп келгенде, тұрғындарға жөндеу жұмыстарынсыз қоныстану мүмкін емес. Барлығын қайтадан жасайды. Қабырғаларынан колонналар шығып тұрған үйлер де бар. Төбелері, едендері қисық. Жана үйлердің сапасы құрылысшылардың жауапкершілігіне байланысты деп ойлаймын», – дейді Иван.

Пәтер жөндеушілер де құрылыс материалдары күн санап қымбаттап бара жатқанын айтады. Мәселен, 800 теңгегін профилі қазір 1 200 теңге, қабырға тегістейтін қоспалар 2 300 теңгеден 3 500 теңгеге дейін қымбаттаған. Құрылысшы Иван кеше ғана электр сымының метрін 70 теңгеден сатып алса, бүгін 75 теңге төлеген.

Осындай қымбатшылық салдарынан пәтер бағасы да шарықтап барады. Соңғы жарты жылдың ішінде Петропавлдағы пәтерлердің бір шаршы метрі орташа есеппен 330 мыңнан 360 мың теңгеге дейін қымбаттаған. Шаршы метрі 460 мың теңгеге дейін жететін пәтерлер де баршылық. Биыл бағалар тағы 10-15 пайызға өседі деген болжам бар. Жалпы, Петропавл жалақы көрсеткіші жағынан көш соңында болғанымен, баспана бағасы бойынша Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкенттен кейінгі 3-орында.

САПА ЕМЕС, САН ҚУ

Бағаны қымбаттығы өз алдына, маман тапшылығы – осы саладағы жедел шешуді қажет ететін өзекті мәселе. Сол-



Еркебұлан ДҮЙСЕБӨЛІТОВ (қолжауы)

түстік Қазақстан облыстық Білім басқармасы басшысының орынбасары Владимир Ткаченконың айтуынша, өңір колледждері жыл сайын 200-300 құрылысшы маман даярлайды. Бұл – барлық түлектердің 10 пайызы. Олардың жұмысқа орналасуы көрсеткіші – 70-80 пайыз шамасында. «Құрылысшы мамандығы бойынша колледж бітірген түлектердің барлығы бірдей жұмысқа орналаспайды. Мәселен, былтырғы 239 түлектің төртеуі – жоғары оқу орнына, 15-і басқа колледжерге түсті, 15-і әскер қатарына алынды, үшеуі – бала күтіміне байланысты демалыста, жетеуі – жұмыссыз. Ал құрылысшылар қауымдастығы үнемі маман жетіспейтінін айтады. Бірақ біз колледждерге студенттерді тапсырыс бойынша қабылдаймыз», – делі Владимир Сергеевич.

Құрылыс компаниялары басшыларының кәсіптік-техникалық білім сапасына көңілі толып отырғаны шамалы. Колледждер бүгінде мемлекеттік тапсырыс алу үшін сапа емес, сан қуып кеткенін айтады. «Білім сапасын бақылап жатқан ешкім жоқ. Колледждердің басшылары мемлекеттік тапсырыстың қаржысын игеру үшін неғұрлым көп студент қабылдауға бұзғандықпен бірге, бірін-сараны ғана алған мамандығы бойынша жұмыс істейді. Олардан алған білімі бойынша жұмыс істеу талап етілмейді», – дейді Сергей Петрович.

Бүгінде қажет кадрларды құрылыс компанияларының өздері даярлауы керек деген пікір бар. Солтүстікқазақстандық ірі компаниялар да осы пікірді қоштап отыр.

Солтүстік өңірдегі тағы бір қиындық – жобалаумен айналысатын ұйымдардың аздығы. Облыста мұндай 3-4-ақ ұйым бар екен. «Олар осы нарықты монополияға айналдырып алған. Жобалауға көп уақыт шығындайды. Нәтижесінде, бір-бірінен айнымайтын жобалар дайындалады. Бұлай болмауы керек. Құрылыс саласына көп қаржы бөлініп жатыр, ендеше жобалау компаниялары да көп болуы керек. Каланың келбетін ойластырып өзгерту қажет. Бұл жұмысқа жаңаша көзқарасы бар, креативті жобалаушылар, сәулетшілер мен инженерлерді тартқан жөн. Жанадан салынып жатқан шағынаудандарда демалыс орындары қарастырылмаған. Осы кәсіптік жөндеу қажет», – делі облыс әкімі Құмар Ақсақалов. Осындай қиындықтарға қарамастан, өңірде құрылыс қарқыны бәсеңдемек емес. Облыс әкімі Құмар Ақсақаловтың айтуынша, биыл жыл соңына дейін 400 мың шаршы метр баспана пайдалануға берілімек.

Роза ШӘКЕН,
Солтүстік Қазақстан облысы

4 миллион теңге АЙЫППҮЛ АРҚАЛАДЫ



Былтыр 21 желтоқсанда Өскемендегі Титан магний комбинаты (ТМК) аумағында түсініксіз қызғылт түтін ауаға тарап, жұртшылықты алаңдатқан еді. «ТМК-да цехта жарылыс болды, бетпердесіз далаға шықпаңыздар, терезені ашпаңыздар» деген аудио жазбалар WhatsApp желісі арқылы тұрғындар арасында кең тараған болатын.

«Бүгін сағат 12.00-де департаментке шағым түсті, 12.15-те мамандарымыз оқиға орнына барып, жер қабатына өлшеу жүргізді. Хлор шекті мөлшерден 4 есе артып кеткені анықталды. Қазір біз жоспардан тыс тексеру жүргізуді ұсынып отырмыз. Тұрғындарға терезені жабық ұстауларын сұраймыз» деген еді сол кезде облыстық Экология департаментінің мамандары.

Иә, сол кезде Экология департаментінен басқа бірде-бір ресми орган аталған жағдайға түсініктеме бермеген еді. Ал Титан магний комбинаты әуелде мүлде үнсіз қалып, кешке қарай кәсіпорынның еңбекті қорғау, қоршаған орта және төтенше жағдай бөлімінің басшысы Ринат Әміров: «Комбинат аумағында ешқандай апат болған жоқ. Біз штаттық режимде жұмыс істеп жатырмыз» деп қысқа ғана жауап берген еді. Дұрысы, қандай да бір апаттың болғанын жоққа шығарған болатын. Алайда өндіріс орнының басшылығы қанша жерден мойындағысы келмесе де, сонынан қызғылт түтіннің осы кәсіпорынға қарасты цехтардың бірінен ауаға тарағаны расталды. Айтпақшы, кәсіпорын түсініксіз түтін ауаға тараған күні тексеруге келген комиссия мүшелерін ғимарат аумағына кіргізбей қойған екен. «21 желтоқсанда ТМК аумағында қызғылт түтін шыққанда өндірістік қауіпсіздік және төтенше жағдай саласы мамандарымен бірлесіп жұмыс жүргіздік. Бірақ ол күні кәсіпорынға кіре алмадық, сағат 17.00-ден кейін онда жұмысшылар болмады. Мұндай жағдай бізде жиі кездеседі. Мұны білмейтін жұртшылық бізді сөгіп жатады. Сондықтан алдағы уақытта жоғарыда аталған сала мамандарынан арнайы комиссия құрылса,

комиссия мүшелері төтенше жағдай кезінде кедергісіз жұмыс істесе жөн болар еді», – дейді облыстық Экология департаментінің директоры Данияр Әлиев.

Өскемендік эколог, қоғам белсендісі Дәулет Асанов өндіріс орнының комиссия мүшелерін нысанға кіргізбей дұрыс емес екенін, мұның күмән туғызатынын айтады. «Кәсіпкерлік туралы» кодексте «тексеріс кәсіпорынның регламенті бойынша жұмыс уақытында өткізіледі» деп жазылған. Былай қарасаңыз, зауыт тәулік бойы жұмыс істейді. Кәсіпорын «басшылық қызметкерлер сағат 5-ке дейін жұмыс істейді» деп сылтауратып кіргізбей қойған секілді. Құдай сақтасын, егер түнде зауытта жарылыс болса, «біз сағат 6-ға дейін ғана істейміз» деп кіргізбей қойды. Егер комиссия мүшелері сол кезде ғимаратқа кірсе басқаша қорытынды берілер ме еді?! Өйткені өз көздерімен көрер еді ғой. Ал ТМК-ға комиссия ертеңінде барды. Кәсіпорын түнде бәрін ретке келтіріп қоюы өбден мүмкін. Ретке келтіріп қоюы цех іші тұқ болмағандай музейдей жайнап тұрған шығар. Экология департаментінің жүріп жүргені түсінікті. Облыстық Табиғатты қорғау прокуратурасы қайда? Қалжыр өзенінде жағдай болғанда да олар үнсіз қалып еді» деген ол «қызғылт түтін жоспарлы профилактикалық жұмыстардың нәтижесінде пайда болды» деген сөзге сенбейтінін жеткізді.

Бірінше күн бұрын Экология департаментінің өкілдері осы жағдайға байланысты жүргізілген жоспардан тыс тексерудің қорытындысын жария етті. «Қызғылт түтін титан тетраоксиді мен

ванадий пентаоксидін өндіретін №2 цехтан шыққан. Өлшеу нәтижелері бойынша 21 желтоқсанда сағат 14.15-те Егоров және Шаяхметов көшелерінің бойынан 200 метр қашықтықта хлордың ауаға таралуы шекті нормасынан асып кету фактісі анықталды. Сөйтіп, Экология департаментіне түскен өтініш негізінде 2021 жылғы 21 желтоқсаннан 2022 жылғы 5 қаңтарына дейінгі кезеңге жоспардан тыс тексеру енгізілді. Департамент қызметкерлері өтініште апаттық жағдай болуы мүмкін деген мәліметтер көрсетілгенін ескере отырып, оны ШҚО Өнеркәсіптік қауіпсіздік департаментіне жолдады. Олардың 2021 жылғы 29 желтоқсандағы жауабына сәйкес, «ТМК» АҚ қатысты апаттық фактілерінің болмағанына және кәсіпорын тарапынан ешқандай ақпараттың болмауына байланысты тексеру іс-шаралары жүргізілген жоқ. Мемлекеттік экологиялық тексеру нәтижелері бойынша 2021 жылғы 21 желтоқсанда «ТМК» АҚ технологиялық жабдықтың 4 фурмасын қысыммен тазалау бойынша жоспарлы профилактикалық жұмыстар жүргізілгені анықталды. Алайда бұл мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы берілген жобалық шешімдерде көрсетілмеген», – дейді Шығыс Қазақстан облысының бас мемлекеттік экологиялық инспекторы Рауан Тұраров.

Экология департаменті мамандарының айтуынша, кәсіпорынға бір емес, үш айыппұл салынған. «Ең әуелі өндіріс орны мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысында көрсетілген талаптарды орындамағаны үшін ҚР ӘҚБтК-нің 332-бабы бойынша өкімшілік жауапкершілікке тартылып, 510 мың теңге айыппұл салынды. Екінші, әлеуметтік желіге тараған материалда қызғылт түсті газ ауа қоспасының артық мөлшері байқалған. Негізі, ауаға шығар алдында тазалаудан, яғни сузгіден өтуі керек болған. Бірақ өтпеген. Бұл Экологиялық кодекстің 207-бабындағы талаптарды бұзу болып саналады. Тазарту қағидаларын бұзғаны үшін ҚР ӘҚБтК-нің 331-бабы бойынша 1 миллион 750 мың теңге айыппұл белгіленді», – дейді облыстық Экология департаменті басшысының орынбасары.

2 миллион 371 мың теңге көлеміндегі үшінші айыппұл 2021 жылғы 22 желтоқсандағы кәсіпорынның негізгі мұражысының №2 цехының №5 газ тазалау құрылғысына қойылған өлшеу нәтижесі бойынша салынды. Өлшеу нәтижесі көміртегі оксидінің 8,9, хлорсутегінің 2,1 есеге асып кеткенін көрсетті.

Азамат ҚАСЫМ,
Шығыс Қазақстан облысы

Көрікті мекеннің де түйткілі көп

Зерендідесе, көптің көкейіне ауасы жұпар, орманы қалың, көлі мөлдір кербез табиғат елестейді. Дегенмен еліміздің іргелі туристік әлеуеті зор аймақтарының бірі – Зерендіде де әлеуметтік мәселелер азаймай тұр.

Ауданда сәл жел соқса, жарығы өшіп қалатын ауылдар жетерлік. Олардың қатарын аудан орталығы Зеренді де толықтырған. Ал ауызсуды аптасына екі рет жеткізетін көлікті зарға күтетін халықтың жанайқалы жергілікті биліктің назарынан тыс қалып келеді. Тұрғындардың айтуынша, халық көмірдің де тапшылығын өбден тартқан. «Бықсыл тұрып алатын, жанбайтын көмірдің азабына тойдық», – дейді олар.

ЖАРЫҚ ЖИІ ӨШЕДІ

Жарық мәселесі Зеренді ауданында сонау 90-жылдардан бері шешімін таппай келеді. Ауданның ондаған ауылын электр энергиясымен қамтамасыз ететін желілер кезінде жекеменшіктің қолына өтіп кеткен. Ал электр желілері мен бағандарының көбінің тозығы жеткен. Әсіресе, ауданның оңтүстік жағындағы жағдай аса күрделі. Жалпы аумағы 39 елді мекенде бүгінде 20 мыңнан астам халық тұрады. Мәселен 2019 жылы ауданда электр энергиясы бойынша төтенше жағдай жариялауға да жеткізген. Өйткені электр желілеріне иелік ететін «Зеренді групп» компаниясы оған жөндеу тұрмақ, техникалық қызмет те көрсетпеген. Ал желілерді аймақтағы ірі энергия тартушы «Көкшетау Энерго» жалға алған. Өкінішке қарай, желілерді жалға алғаны болмаса, меншігі болмаған соң бұл компания да оған қызмет көрсетуді өз міндетіне алмаған. Бұл аудандағы жарық бағасының қымбаттығына әрі тым жиі өшіп қалуына ықпал етті. Тұрғындар бұдан өзге де басы ашық қалған түйткілдердің шетін шығарды.

ЖЕР ТАСТАҚ ДЕП ТАС ДӘУІРІНДЕ ӨМІР СҮРМЕКІПІЗ БЕ?

«Жергілікті аудан әкімдігіне де, облыс әкімдігіне де электр энергиясының жағдайын айта-айта жалықтық. Жарығымыз сәл боран соқса, өшеді де қалады. Электр бағандары мен желілер өбден ескіріп тозған. Ал ауызсудымыз бүгінге дейін аптасына екі рет су тасығыш көлікпен тасымалданады. Суды күтіп тұрғанда бөшкелеріміз бен флягтарымыз далада қатып қалған кездер аз емес. Күнәра ыдыстарымызды сүйрейтін сүп-суық далада ауызсуды сарғая күтеміз. Зерендіде колонкалар болғанымен, оның басым бөлігі істемейді. Тек жеті колонка қазір істеп тұр. Қыстығүні оларда да су болмай қатып қалады. Су құбырын орнатып беру жайлы өкімдікке талай рет арыздандық. Олар жердің тастақ болуына байланысты құбыр өткізуді мүмкін еместігін айтады. Қазіргі технология дамыған заманда бұл мәселе ме? Жер тастақ болды деп тас дәуірінде өмір сүрмекіміз бе?! Ал көмір туралы тіпті өңгіме бөлек. Көмір емес, көдімгі ұп-ұсақ үгінді. Мүлдем сапасыз. Бықсыл, жанбай азапқа салады. Мектепке жеткізілетін көмір одан да сорақы. Осындай жағдайлар халықты

өбден ашындырып тұр», – дейді Зеренді ауылының тұрғыны Риза Сейтханова.

ЖАНАМА ЭЛЕКТР ЖЕЛІСІ САЛЫНБАҚ

Жарық мәселесіндегі күрделі ахуалды Зеренді ауданы әкімдігі де мойындады. Әкімнің айтуынша, аудандағы электр желілерін жекеменшік компаниядан сатып алып немесе жанама электр желілерін салу арқылы ғана шешуге болады.

«Бүгінде электр желілерінің 90 пайыздан астамы мүлде тозған. Біз электр желілеріндегі апаттарды жою және қалыпты жағдайда ұстап тұру үшін бюджет қаражатын жұмсауға мәжбүрміз. 2018-2019 жылдардағы бюджет ақшасын кері қайтару үшін сотқа «Зеренді групп» және «Көкшетау Энерго» компанияларына екі бірдей арыз бердік. Қазір сот процестері жалғасып жатыр. Ауданның теңгерімінде болуы үшін желілерді сатып алуға да ұсынып көрдік. Бірақ «Зеренді групп» электр желілерін сатудан үзілді-кесілді бас тартты», – дейді Зеренді ауданының әкімі Әсен Жақсылықов.

Аудан әкімдігі мәселені тек электр желілерін сатып алу жанама электр желілерін салу бойынша жеке жобаны жүзеге асыру арқылы шешуге болатынын айтады.

«Қазір электр желілеріне төтенше жағдай режимінде мердігер ұйымдармен желілерде болған апаттар жөнделеді. Жанама электр желілерін салу үшін жобалық-сметалық құжаттама жасауға қаражат болуы өтінім берілген. Бұл жоба бойынша жалпы ұзындығы 16 шақырымдық 0,10 кВт бағандар мен КТП ауыстыру қарастырылған», – деп толықтырды аудан әкімі.

КӨМІР БАР, СУ ТАСЫМАЛДАНАДЫ

Әкімдік жергілікті тұрғындар айтқандай ауызсу мен көмір мәселесі соншалықты күрделі емес екенін айтып ақталды. «Зеренді ауылында Көкшетау қаласынан көмір жеткізуді «Зерен – Көмір» ЖШС жүзеге асырады. Бүгінде «Шұбаркөл» көмірі мен «Қаражыра» көмірі де баршылық. Ал ауызсуға келсек, Зеренді селосындағы Фабдуллин көшесі тастақты болғандықтан, су өткізу құбырларын салу мүмкін болмай отыр. Бұл көшелерде ауызсу «Зеренді Сервис» компаниялық кәсіпорының қолқолымен тасымалдау арқылы шешіліп отыр. Кестеге сәйкес, аптасына екі рет сәрсенбі және сенбі күндері су жеткізіледі. 40 литрлік бір фляг судың құны 50 теңге», – дейді аудан әкімдігінен.

P.S.

Сонымен, жергілікті билік жарығы мен көмір, тасып ішетін суын айтып шұлаған жұртқа әзірге сабыр сақтауды ғана ұсынып отыр. Ал миллиондаған бюджет қаражатына келіп тірелетін электр желілері мен ауызсу құбырының жеткіліксіздігі әлі қанша жыл күтетіні әзірге беймәлім...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы



Фристайл-могулдан алты спортшы бақ сынады

Бейжіңдегі Олимпиада ойындарында фристайл-могулдан Қазақстан намысын алты спортшы қорғайды. Бұл туралы команданың бас бапкері Елена Круглыхина мәлімдеді.

Халықаралық шаңғы спорты федерациясы (FIS) Қазақстан командасына қосымша квота бөлді. Нәтижесінде, Олимпиада ойындарында Қазақстан атынан төрт әйел адам және екі ер адам сынға түседі. Атап айтар болсақ, Бейжің төрінде Юлия Галышева, Аяулым Әміренова, Олеся Граур, Анастасия Городко, Дмитрий Рейхерд және Павел Колмаковтың өнерін тамашалаймыз.

— Бәрі біз қалағандай болған жоқ. Бірақ бұл — спорт. Кездескен қиындықтарға қарамастан, спортшылар өздерін жақсы қырынан көрсетіп, қысқы ойында Қазақстанның бәсекелесе алатынын дәлелдеді. Бізде ерлерден екі,

әйелдерден төрт квота бар. Аздаған қиыншылықтар кездескенін атап өттім. Виза мәселесіне байланысты АҚШ-тағы әлем кубогі кезегіне Антон Бондарев бара алмады. Ол лицензияға қол созым жерден тоқтады. Жарақатына байланысты Сергей Романов Америкаға бара алған жоқ, ал Олен Цинн жолдамасыз қалды.

Біздің еліміздің намысын Юлия Галышева, Аяулым Әміренова, Олеся Граур, Анастасия Городко, Дмитрий Рейхерд және Павел Колмаков қорғайды. Бұл іріктеу өте ауыр өтті, сондықтан спортшылардың барлығын да құттықтаймын. Айта кету керек, спортшылар да, бапкерлер құрамы да толығымен Өскемен қаласының өкілдері. Біз Қазақстан атын таныту үшін бар күшімізді саламыз. Қазір Олимпиада алдындағы дайындықты Шымбұлақта өткізіп жатырмыз, — делі бас бапкер.

А.ЖАСАНҰЛЫ



ГРАНТТАР

Білім гранттары көбейеді

2022 жылы қазақстандық ЖОО-ларда оқуға арналған білім гранттарының саны тағы 5 мыңға артады. Осылайша, гранттардың жалпы саны 61 мыңға дейін жетеді. Бұл туралы Білім және ғылым министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

2021 жылы кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы 5 мыңға, яғни 51 мыңнан 56 мың грантка дейін көбейтілген. Жана гранттар студенттер арасында сұранысқа ие және өзекті мамандықтарға бөлінетін болады. Жалпы, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жоғары білімнің қолжетімділігін арттыру үшін 2025 жылға дейін білім беру гранттарының саны кезек-кезеңімен тағы да 15 мыңға артады.

Сондай-ақ білім беру гранттарын бөлу кезінде азаматтардың әлеуметтік осал санаттары үшін квоталар көзделген.

«Осылайша, Президенттің қолдауы арқасында бюджет есебінен оқуға мүмкіндік алған қазақстан-

дық мектеп түлектерінің саны артып, Мысалы, өткен жылы бізге 75 мыңнан астам өтінім түсті. Оның ішінде 56 мыңнан астам талапкер грант алды. Биыл гранттар саны 61 мыңға жетеді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балалар үшін квоталар санын ұлғайттық. Яғни, көпбалалы немесе толық емес отбасылардан шыққан балалар, сондай-ақ отбасыларында ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасынан шыққан талапкерлер грант алу үшін әлдеқайда көп мүмкіндікке ие болады», — деп хабарлады Білім және ғылым вице-министрі Қуаныш Ерғалиев.

Рая МИНАП

«Ордабасының» жағдайы жақсы емес

«Ордабасы» командасы жаңа футбол маусымында қаржы тапшылығына байланысты ел чемпионатына қатыспауы мүмкін. Қазақ футболына көптеген таланттарды сыйлаған клуб жабылудың аз-ақ алдында тұр. Нақты шешім ақпан айында қабылданады. Бұл туралы Қазақстан футбол федерациясының ресми сайты хабарлады.

Абылайхан ЖҰМАШ

«2022 жылдың 13 қаңтарындағы жағдай бойынша «Ордабасы» сертификация талаптары бойынша қаржылық міндеттемеден өте алмады. Енді ақпан айындағы тексерісте жағдай реттелмесе, «Ордабасы» футбол клубы Қазақстан чемпионатына қатыспайды» делінген хабарламада.

Бейресми ақпарат бойынша, клубтың қарызы шамамен 2,4 миллиард теңгеге жуықтаған. Әлбетте, бұл — өте көп сома. Мұнда қарызбен Қазақстан Премьер-лигасында өнер көрсету оңай бола қоймас. Оның үстіне «Ордабасының» бірнеше футболшысы «жалақы алмағанымызға бірнеше айдың жүзі болды» деп жер-жерге сұхбат беріп жүр. Егер алда-жалда клуб жабылып қалмаса, Шымкент қаласының басты командасы биыл Қазақстан чемпионатынан бас тартып, жарысты Бірінші лигадан бастауы да ғажап емес.

Тарихында ешқашан Қазақстан чемпионы болмаған «Ордабасы» клубының тізгінін 2015 жылы Бақтияр Байсейітов ұстады. Алғашында бапкер, кейіннен клубтың президенті болды. Содан бері 7 жыл өтті. Клуб ауыз толтырып айтар жетістікке жетпеді. «Астана», «Қайрат» клубтарымен бірдей бюджеті бола тұра чемпиондыққа талас жүргізе алмады. Үшінші, төртінші, бесінші орындармен ғана шектелді. Еурокубоктық бәсекенің топтық кезегіне де өте алмады. Топтық кезең былай тұрсын, іріктеу кезегінің бірінші айналымынан ары аса алған жоқ.

Бытыр жазда футбол жанкүйерлері тегіс жиналып, «Ордабасының» жаттығуына барып, клуб басшылығына шағымдарын айтқан. Қазіргі басшылыққа шымкенттік жанкүйерлердің өкпесі қара қазандай. Себебі команда шетелден легионерлерді топырлатып бірінен соң бірін шақырып алған. Бірақ нәтиже жоқ. Олар мұнда көп ақшаның қайтарымы болуы керек деп есептейді. Команда жыл сайын қыруар қаржы жұмсағанымен қарық қылып жатқан түгі жоқ. Не жергілікті жастарды тәрбиелемейді, не жаттығу базасын салмайды. Әзірге шымкенттік клубтың әкімшіліктің қазынасына қол салғанын өзге пайдасы бол-



май тұр. Бар мәселе осында. Клуб басшылығының бұл әрекеті қайта қарастырылып, әкімшілік жағдайды тез арада реттемесе, «Ордабасы» әр жылдары банкрот болған «Елім-ай», «Ертіс», «Женістердің» күйін кешеді.

Клубтың салық ұйымдарының алдында бірнеше айдан бері берешектері жиналып қалған. Айлық беру мәселесінде де қиындықтар туындап отыр. Клуб қызметкерлері 8 айдан бері жалақы алмаған. Енді шымкенттіктердің орнына қарыздарынан қысқа уақытта толыққанды құтылуы көздейтін «Оқжетпес» клубы Премьер-лигада ойнауы мүмкін. КПЛ-ға «Ордабасының» орнына өткен маусымның қорытындысы бойынша біріншілікпен қоштасқан қызылордалық «Қайсардың» да ел чемпионатына қайта оралуға мүмкіндігі бар. Бытыр Бірінші лигада үшінші орын алған «Қыранның» да жоғарғы лигада ойнауға шамасы жетсе, олардың да ұсынысы қаралады.

Қазір қазақстандық клубтардың оқу-жаттығу жиындары басталған тұста «Ордабасының» көшбасшы ойыншылары өзге клубтармен жаттығып, кейбіреуі түркістандық «Тұранға» ауысып жатыр. Олардың қатарында Еркебұлан Тұңғышбаев, Александр Клещенко, Абдулла Диякате, Бекхан Шайзада және бірнеше футболшы бар. Команда сапында бірде-бір легионер қалмады. Жергілікті ойыншылардың да «Ордабасыда» қалғысы жоқ.

Шымкенттік клубтың басшысы Бақтияр Байсейітов болса еліміздегі спорт басылымдарына берген сұхбатында жұрда қаржы тауып, барлығын реттейтінін айтқан. Ол сонымен қатар командасының Қазақстан чемпио-

натының келесі маусымына қатыспайтыны туралы ақпаратты жоққа шығарды.

— «Ордабасы» жана маусымға дайындықты жақында бастайды. Бірақ қаржы мәселесі туралы әлі нақты ештеңе айта алмаймын. Қарыздарымызды біртіндеп жабымыз. Команда алдымен Шымкентте жиналады, мұнда жаттығуға барлық мүмкіндік бар. Жаттықтырушылар штабы қазір демалып жатыр. Седнев те, Смаков та командада қалады, — депті Шымкент клубының президенті Бақтияр Байсейітов.

«Ордабасы» футбол клубының бапкерлік штабында жұмыс істейтін Самат Смаков та таяуда әлеуметтік желіде жанкүйерлердің сұрағына жауап берді.

— Өкінішке қарай, клубтың басында қарыз көп. Клуб басшылығында оны төлейтін ақша жоқ. Бұл мәселе алдағы күндері шешімін табады деп үміттеніп отырмыз. Жақсы жаңалық болса, бірден хабарлаймыз, — дейді Смаков.

Клуб ойыншылары мен қызметкерлеріне, салық органдарына көлемді қарызы бар «Ордабасының» жақын арада жағдайды реттеп, ел біріншілігінде өнер көрсететініне сенетіндер аз. Қазақстан футбол федерациясы аталған командаға қатысты жағдайдың қиын екенін айтады. Клуб басшысы Бақтияр Байсейітов басқаша сөйлейді.

Қалай болғанда да, қаржылық қиындықтарға тап болған кәсіби клубтың тағдыры күйіп ұстиде. Тіімсіз менеджмент пен қомақты қаражаттың мақсатты жұмсалмауы салдарынан елімізде танымал тағы бір команда чемпионаттан шет қалуы мүмкін. Клубтың болашағына қатысты нақты шешім ақпан айында қабылданады. Сол кезде бәрі белгілі болады.

Ұлттық құраманың ресми киімі таныстырылды



Ұлттық Олимпиада комитеті 2022 жылғы Бейжің ойындарына арналған Қазақстан командасының ресми киім үлгісін көпшілік назарына ұсынды. Онда Қазақстан тарихында алғаш рет ел атауы қазақ тілінде Qazaqstan деп жазылады.

Олимпиада командасына арналған спорттық киім үлгісін қазақстандық ZIBROO компаниясы тікті. Шеруге арналған коллекцияны ресейлік дизайнер, SHISHKIN брендінің негізін қалаушы Дмитрий Шишкин дайындаған. Екі өндірісші ең жоғары талаптарға сай келетін, өндірістегі эко-шешімді қолдайтын және киім дизайнының әлемдік трендін қолданатын ортақ олимпиадалық экипировка коллекциясын ұсынды.

Қазақстан құрамасының олимпиадалық экипировкасын дайындауға бір жылдан аса уақыт кетті. Киімді дайындау процесіне

атлеттердің өздері қатысты. Олар киім үлгісінің дизайны, сапасы мен функционалына қатысты өз ұсыныстарын білдірген.

— Бір аптадан соң Қазақстанның олимпиадалық құрамасы Қытайға ұшып кетеді. Ал 4 ақпан күні төртжылдықтың басты додасы — қысқы Олимпиада басталады. Токио қарсаңындағы секілді бұл ойын басталардан бұрын да біз олимпиадалық экипировканы дайындау кезінде спортшылардың ұсыныс-тілегін ескердік. Біз үшін Олимпиада ойындарында спортшыларға осы киім үлгісінің ыңғайлы, қолайлы және сәнді сезінгендері

маңызды. Ал ата мен тігістің ең жоғары талапқа сай болатыны сөзсіз, — дейді ҰОК бас хатшысы Андрей Крюков.

Қысқы ойындарға арналған олимпиада киім үлгісінің таныстырылуына жазғы спорт түрлерінің өкілдері, атап айтар болсақ, Токио Олимпиадасының жүлдегерлері Камшабек Қонқабаев, Сәкен Бибосынов пен Софья Берульцева қатысты.

Осылайша, жазғы спорт түріндегі атлеттер қысқы Олимпиадаға аттанатын спортшыларға қолдау көрсетіп, олимпиадалық құраманың «Бір ел — бір команда» ұранын тағы бір нақтылап отыр. Сондай-ақ фототүсірілімге дзюдошылар Жансай Смағұл пен Ақмарал Науатбек, бокстан ерлер командасының капитаны Абылайхан Жүсіпов, гимнаст Аружан Касенова мен «Барыс» хоккейшісі Самат Данияр қатысты.

Киім Қытайдағы қысқы климатқа арнайы ойластырылған. Мұнда температура кей кездері 20 градустан да төмендейді. Сондықтан сыртқы киім табиғи қаздың жүнімен толықтырылған, жылуды сақтап, суықты өткізбейтін заманауи жарғақтық материалдар қолданылған. Көлеміне қарамастан, киімнің салмағы аз, өте иілді және еркін қозғалуға ыңғайлы. Дизайнерлердің пайымынша, олимпиадашылар бұл киім үлгісін спорттық аренадан басқа жерлерге де кие алады.

Айта кетейік, қысқы Олимпиада ойындары 4 ақпан күні Бейжіңде басталып, 20 ақпанға дейін созылады. Қазақстан командасы спорттың сегіз түрінен бақ сынады.

Әбілмансұр ЖАСАН

NJM
NUR MEDIA

AIQYN

Меншік иесі —
«Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Бақытжан ТҰРАЛЫБЕКОВ

Бас редактор —
Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Амангелді ҚҰРМЕТ —
Бас редактордың

бірінші орынбасары

Гүлзина БЕКТАС —
шығарушы редактор

Асқар БЕК —
веб-сайт редакторы

Елдар ҚАБА —
секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —

Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК —

Алматы қаласы
Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ —

Атырау облысы
Саятхан САТЫБАҒАН —

Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —

Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК —

Шымкент қаласы
Роза ШӨКЕН —

Солтүстік Қазақстан облысы
Азамат ҚАСЫМ —

Шығыс Қазақстан облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102

Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102

Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31

reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(777) 310 22 54, 8(7172) 72-95-39

podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №8060

Алматы қ. «Дәуір» Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әмікұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114